

Мұхаммед Хашим Камали

ШАРИҒАТ ПЕН *Халал* ИНДУСТРИЯСЫНДАҒЫ *Халал ЖӘНЕ Харамның* СИПАТТАМАСЫ



Мерзімді басылымдардың 23-топтамасы

Мерзімді басылымдардың 23-топтамасы

***ШАРИҒАТ ПЕН ХАЛАЛ
ИНДУСТРИЯСЫНДАҒЫ
ХАЛАЛ ЖӘНЕ ХАРАМНЫҢ
СИПАТТАМАСЫ***

Мұхаммед Хашим Камали



Халықаралық ислами ой институты

Бішкек 2023

УДК 297
ББК 86.38-6
М 93

Китап демеушілері:
Халықаралық ислами ой институты
Херндон Вирджиния
Білім интеграциясы институты
Грузия Тбилиси

Кітаптың авторы: Мұхаммед Хашим Камали
Кітапты қазақ тіліне аударған: Каратаев Ерлан: – Б. : 2023
Кітап редакторы: Каратаев Ерлан

Бұл кітап авторлық құқықпен қорғалған. Ұжымдық құқыққа рұқсаттық туралы келісімге қолданылатын заңды ерекшеліктер мен ережелерді қоспағанда, кітаптың бірде-бір бөлігі баспагердің жазбаша рұқсатынсыз кез-келген түрде көшіріле алмайды. Бұл кітапта айтылған көзқарастар мен пікірлер автордың көзқарасы және баспагердің пікірімен сәйкес келуі міндетті емес.

“Ихсан Хайрия” Қоғамдық қоры тарапынан жарыққа шыққан

Қырғызстан діни мұсылмандары басқармасы № 252

Шариғат пен халал индустриясындағы халал мен харамның сипаттамасы (Kazak)

Мұхаммед Хашим Камали
ИИТ "Мерзімді басылымдардың 23-топтамасы"

© Халықаралық ислами ой институты (ИИТ)
1445 АН / 2023 СЕ
Paperback ISBN: 978-9967-493-72-8

The Parameters of Halal and Haram in Shariah and the Halal Industry (Kazak)

Mohammad Hashim Kamali
ИИТ "Occasional Paper Series 23"

© The International Institute of Islamic Thought (IIIT)
1434 АН / 2013 СЕ
Paperback ISBN: 978-1-56564-555-4
ИИТ
P.O. Box 669
Herndon, VA 20172, USA
www.iiit.org

Барлық құқықтар сақталған

ISBN: 978-9967-493-72-8

УДК 297
ББК 86.38-6

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫСӨЗ	vii
Кіріспе	1
<i>Халал</i> және <i>харам</i> ұғымдары	2
Рұқсат етілген (<i>Халал</i> , <i>Мүбаһ</i> және <i>Жайыз</i>)	2
<i>Халал</i> мен <i>тайыбты</i> салыстыру	6
Бастапқы тазалық принциптері (<i>Тахара</i>)	10
Тыйым (<i>Харам</i>)	15
<i>Харам</i> негіздері	18
<i>Харам</i> , тұрақтылық және өзгергіштік: <i>Истихалаһ</i> қағидасы	20
Айыпты (<i>Мәкрүһ</i>)	24
Ұсынылған (<i>Мандуб</i>)	28
«Қара кеңістік»: Күмән туғызатын сұрақтар	30
Тағам күшейткіштері мен қоспалары	33
<i>Машибух</i> қоспалары мен ингредиенттері	34
Тыйым салынған деп саналуы ықтимал ингредиенттері мен қоспалары	37
Малды дұрыс союға қойылатын талаптар	39
Категорияны анықтауда әдет-ғұрып (<i>Урф</i>) рөлі	42
Ет, теңіз өнімдері және сүт өнімдері	44
Малайзиядағы <i>халал</i> индустрия	45
Ислам және ғылым	49
Қорытындылар және ұсыныстар	52
ЕСКЕРТУЛЕР	57

АЛҒЫСӨЗ

Халықаралық Ислам түсінігі институты (ХИТИ) және Малайзиядағы Халықаралық Жетілдірілген Ислам зерттеулері Институты (ХЖИЗ) әйгілі ғалым, Ислам Заңы мен Құқығында маман Мұхаммед Хашим Камалидің *Мерзімді басылымдардың 23-топтамасы* жарияланымындағы «*Шариғат пен халал индустриясындағы халал мен харамның сипаттамалары*» атты бірлескен еңбегін үлкен қуанышпен ұсынады. Оның еңбектерінде Шариғат мәселелері кеңінен қамтылған. Оның көптеген кітаптары, соның ішінде *Ислам Құқықтануының негіздері; Шариғат заңы: Кіріспе және Хадис білімдері бойынша оқулық* дүниежүзінің ағылшын тілді университеттерінде анықтамалық ретінде пайдаланылады.

Үлкен ыждағаттылықты талап ететін ет өндірісіне, азық-түлік қауіпсіздігіне, тазалыққа және жануарларға адамгершілік көзқараспен қарауға деген қызығушылықтың артуына байланысты *халал* мен *харам*, әсіресе ет және ет өнімдері тақырыбының мұсылмандар үшін маңызы зор. Бірақ *халал* индустриясы тек етке ғана қатысты емес. Халал мәселесі мұсылман өмірінің көптеген салаларына әсер етеді. Бұл саланың сұраныс және ұсыныстың нарықтық шын жүзі мен кірістердің әсері арқасында дамып жатқанын ескере отырып, ислам қағидаларын барынша нақты түсініп, білу қажет. Тағамдық қоспаларды азық-түлікке пайдалану мәселесі тамақтану саласында елеулі шиеленісті тудырды, дәл сол секілді *рибадан* аулақ болу арқылы этика нормаларын сақтай отырып, инвестиция салғысы келгендерді банктік пайыз мәселесі шатастырды. Әртүрлі мәдениеттер мен аймақтардың, сондай-ақ, әртүрлі құқықтық мектептердің ізбасарлары *халалға* не жататыны жайында бір-бірінен әлдеқайда өзгеше пікірлерінің болуы таңқаларлық жайт емес. Бұл мәселені жан-жақты қарастыра келе, Камали Құран Кәрімге сілтеме жасай отырып, *халал* мен *харамның* негізгі қағидаларын түсіндіреді және осы қағидаларды қолданудағы негізгі сұрақтарды

талқылап, маңызды мәліметтер келтіріп, қазіргі заман мұсылмандары арасындағы көптеген қайшылықтарды сенімді түрде шешеді. Сонымен қатар, аталған еңбек *халал* индустриясында жұмыс істейтіндерге арналатын практикалық кеңестерден тұрады, *халал* стандарттарын біркелкілікке келтіруге бағытталады және осы идеяны ілгерілету үшін бірқатар принциптерді ұсынады.

Ислам (хижра) күнтізбесі бойынша күндер берілсе, олар АН деп белгіленген. Қалғандары Григориан күнтізбесі бойынша жүреді және қажет болған жағдайда СЕ белгісімен белгіленген. Қолданысқа енген сөздерден басқа араб сөздері курсивпен жазылған. Диакритикалық белгілер тек қазіргі заманғы емес араб атауларына ғана қосылды.

1981-жылы негізі қаланған ХИТИ – ислам дүниетанымы, құндылықтары мен қағидаларына негізделген маңызды ғылыми зерттеулермен айналысатын ірі ғылыми орталық. Институттың соңғы 30 жылдағы зерттеулерінің, сондай-ақ институт ұйымдастырған семинарлар мен конференциялардың нәтижесінде ағылшын және араб тілдерінде 400-ден астам басылым шығарылды, олардың көпшілігі басқа бірқатар негізгі тілдерге аударылды.

2008-жылы Куала-Лумпурда құрылған, Малайзиядағы *Халықаралық Жетілдірілген Ислам Зерттеулерінің* институты (ХЖИЗ) ислам және заманауи мәселелерге арналған практикалық, саяси және көкейкесті тұжырымдамалары бар объективті академиялық зерттеулер үшін тәуелсіз зерттеу мекемесі болып табылады. Салыстырмалы қысқа мерзімде ХЖИЗ Малайзияға, мұсылман әлеміне және исламның басқа өркениеттермен қарым-қатынастарына қатысты семинарлар өткізетін және материалдарды жариялайтын динамикалық қоғамдық форумға айналды. Малайзиядағы ХЖИЗ тоқсан сайынғы халықаралық рецензияланатын *Ислам және өркениеттің жаңаруы* (ИӨЖ) журналын, екі айда бір рет шығатын ХЖИЗ бюллетенін және Ислам және Қазіргі заманғы мәселелер шығарылымын, кітаптарды, монографияларды және сирек эсселер бөлімдерін шыға-

рады. Ислам және мұсылман әлеміне қатысты кең ауқымды сұрақтары бойынша соңғы бес жылда 150-ге жуық іс-шара, семинарлар, дөңгелек үстелдер, республикалық және халықаралық конференциялар өткізілді. Малайзиядағы ХЖИЗ қызметі мен жарияланымдары туралы толық ақпаратты www.iais.org. www.hashimkamali.com сайтынан табуға болады. Профессор Кәмалидің жеке сайты – www.hashimkamali.com.

ХИТИ ЛОНДОН КЕҢСЕСІ *және* ХЖИЗ МАЛАЙЗИЯ, КУАЛА-ЛУМПУР,
ТАМЫЗ, 2013

ШАРИҒАТ ПЕН ХАЛАЛ ИНДУСТРИЯСЫНДАҒЫ ХАЛАЛ МЕН ХАРАМНЫҢ СИПАТТАМАСЫ*

КІРІСПЕ

Халал индустриясы әлі де дамудың бастапқы сатысында тұрса да, айтарлықтай өсімге қол жеткізді. Нарықтық құбылыс ретінде бұл сала 21-ғасырдың алғашқы онжылдығында пайда болды. Оның қарқынды өсуі ішінара азық-түлік қауіпсіздігіне, тазалыққа және экономикалық дұрыстылыққа қатысты қатаң ережелерге байланысты. Исламдық банкинг өзінің пайда болуының алғашқы жылдарындағыдай, *халал* индустриясы да нарықтың талаптары мен шын болмысының шарттарына байланысты болды. Нарық қатысушылары мен сала сарапшылары саланың болашақ дамуына қатысты ислам қағидалары мен ғылыми білімді нақтырақ түсінуге ықпал ететін шаралар арқылы бұрынғы жетістіктерді байыту қажеттігін атап көрсетеді. Бұл еңбекте *халал* және *харам* тақырыбындағы Құран, хадис және фикһ дәлелдерін талқылаудан басталып, алдымен *халалға* қатысты негізгі ережелер ашылып, *харам*, айыпты (*мәкруһ*) және ұсынылатын (*мәндуб*) туралы айтылып, сондай-ақ осы категорияларды анықтаудағы ортақ тәжірибелердің рөлі мен Ислам және ғылымның арасындағы қарым-қатынастар байланысын анықтайды. Қосымша екі тақырып қарастырылады: әдет-ғұрыптық тазалық (*тахара*) және заттардың түрленуі (*истихалах*) – *харам* құрамдас бөліктерін жоятын ішкі химиялық өзгерістер нәтижесінде харамнан *халалға* өтуді түсіндіретін аз білінген, бірақ маңызды қағида. Бұл еңбектің бір бөлігі барған сайын өзекті мәселеге айналып бара жатқан күмәнді, яғни, *халал* мен *харамның* арасындағы және нақты дәлелдері жоқ *мәшбухатты* зерттеуге арналған. Сонымен қатар, азық-түлік қоспалары, азық-түлікті қайта өңдеу және жеткізу

* Бұл мақала 2008 жылдың мамырында Куала-Лампурда өткен Халықаралық халал форумында ұсынған рефераттың өңделген және жетілдірілген нұсқасы.

жүйесі, сондай-ақ *машбухат* санатына жататын азық-түліктің жаңа сорттарының үздіксіз толастап жатқан ағынына қатысты күмән мәселелері қозғалады.

ХАЛАЛ ЖӘНЕ ХАРАМ ҰҒЫМДАРЫ

Мұсылман құқықтанушылары *халал* және *харам* туралы негізгі дәлелдерді қарастырып, олардың *мал* сою рәсімдері мен тамақтану рационасына қолданылуын реттеудің негізгі принциптерін тұжырымдады. Шарифат азық-түлік пен тамақтанудағы *харам* элементтерін егжей-тегжейлі және бүге-шігесіне дейін анықтайды, бірақ тамақ пен сусынның *халал* екенін анықтау үшін мүлдем басқа тәсілді ұстанады: оны нақты атамайды, тек көрсеткіштерге нұсқайды, алайда олар да күмәнсіз емес. Осылайша, «қара кеңістік» деп аталатын күмән туындайды және көбінесе оның рұқсат етілгенін немесе тиым салынған екенін анықтау үшін ислам құқықтанушыларының қосымша зерттеулері мен ижтихадтарын қажет етеді. Фикһ бойынша қолданыстағы бар еңбектердің ішінен әр жануардың, құстардың, жәндіктердің, теңіз өнімдерінің және т.б. түрлері бойынша егжей-тегжейлі зерттеулерді табасыз. Бірақ бүгінгі таңда нарықтық өнімдердің молайып келе жатқан әртүрлілігі, сонымен қатар ғылым мен технологияның дамуы үнемі фикһтың тағамдық құрамдарға қатысты ережелеріне әсер етеді, бұл өз кезегінде тағамның құрамы мен қоспасына Шарифат көзқарасын тұрақты зерттеуді және қайта қарауды талап етеді.

РҰҚСАТ ЕТІЛГЕН (ХАЛАЛ, МУБАЪ ЖӘНЕ ЖАЙЫЗ)

Жоғарыдағы тақырыптың атаулары болып берілген араб тіліндегі үш сөздің ішінде *халал* сөзі мен оның туындылары Құран мен хадисте жиі кездеседі, ал фикһ бойынша әдебиеттерде *мубах* және *жайыз*¹ сөздері жиірек қолданылады. *Халал* терминін адамның таңдау құқығы болған кездегі әрекет, зат немесе

мінез-құлық деп анықтауға болады, бірақ таңдау сый немесе жаза әкелмейді. *Халалды* Шариғаттағы белгілі бір дәлелмен немесе рұқсат етілген (*ибахах*) болжамына сілтеме жасау арқылы анықтауға болады, бұл мәселе толықтай төменде түсіндірілген.

Ислам құқығында қолданылатын «бес дәреже» шамасы – парыз, ұсынылатын, рұқсат етілген, айыпталған, тыйым салынған (яғни, *уәжип*, *мандуб*, *мұбах*, *мәкруһ* және *харам*) – Құранда да, хадистерде де бұл түрде жазылмаған. Құранда рұқсат етілгенді анықтау үшін «*халал*» сөзі, оның туындылары немесе «күнә болмайды», «жауапкершілік болмайды», «айып болмайды», «Алла сенен мұның жауабын сұрамайды» т.б. сөздер берілген. *Мәкруһ* және *мандуб* терминдері де солай. Құран Кәрімде және хадистерде оларға нұсқайтын түрлі сөздер бар. Демек, «Алла мұны жақсы көрмейді» деген сөйлемдерді оқығанда немесе қандай да бір әрекет «жаман», «сүйкімсіз», «адасқан» және т.б. деп аталса, бұл *мәкруһты* білдіреді, ал бұларға қарама-қарсы сөздер *мандубты* білдіреді.²

Қасиетті жазбалардағы *халал* қағидаларында тұтыну мәселелерінде адамның негізгі еркіндігі мен жеке таңдауына қажетсіз шектеулер қоюға болмайтынын көрсетеді. Сондықтан, тыйымдар мәтіндердегі нақты белгіленген шектен шықпауы тиіс. Рұқсат етілген немесе *халал* – тыйым салынбаған барлық нәрсеге қатысты ашық болып табылады. Құран Кәрімде: «Бүгін сендерге жақсы нәрселер *халал* етілді» («*Мәйда*» сүресі, 5-аят), «Уа, адамдар! Жер бетіндегі нәрселердің адалын әрі тазасынан жеңдер!» («*Бақара*» сүресі, 168-аят), «Нығметтерден жеңдер» («*Бақара*» сүресі, 172-аят), сондай-ақ: «Әй мүміндер! Алланың сендерге *халал* еткен жақсы нәрселерді арам етіп шектен аспандар». («*Мәйда*» сүресі, 87-аят) *Халал* туралы мұндай түсінік фақихтарға келесі құқықтық қағидада қамтылған жалпы көзқарасты тұжырымдауға мүмкіндік берді, яғни: «Тыйым екені дәлелденбесе, рұқсат етілген (*ибахах*) барлық нәрседі негіз болып табылады».³ Сондықтан, айғақ екені мәлім жағдайларды қоспағанда, рұқсат етілген нәрсені анықтау үшін дәлелдемелер талап етілмейді. Жалпыға ортақ тәжірибе және санада арамдықтың айқын белгілері туралы күмән туында-

маса, көкөніс тағамдары мен жануарлардың еті таза болып саналады. Қосымша Шариғат дәлелдерінің қажеті жоқ. Ұсынылған немесе айыптының бәрі осы негізгі рұқсат етілген санатына жатады. Бұл санаттарға ұстануға болатын немесе болмайтын кеңестер де кіреді, адам оларды ұстануға міндетті емес. Сондықтан да көрнекті захири ғалымы Ибн Хазм (ө.ж. 1064/456-ж.ж) бұрын айтылған «бес сатылық» шаманы үшке дейін, атап айтқанда, парыз, тыйым салынған және рұқсат етілгенге дейін қысқартып, ұсынылатын және айыпталған рұқсат етілген нәрсе немесе *мубах* нәрселердің түрлері екенін атап өтті.

Мұсылман құқықтанушылары сондай-ақ, рұқсат етілгеннің болжамын жоққа шығаратын мәтіндерден алынған кез келген дәлел сенімді ақпарат немесе хабар жеткізу арқылы анықталатын мағынасы жағынан да, дұрыстылығы жағынан да бірмәнді болуы керек деп қорытындылады. Өйткені, әлсіз хадис немесе анық мағынасы жоқ Құран аяттары сияқты күмәнді дәлелдер негізінде *харам* анықталмайды. Сондықтан бұл жағдайда мәселенің тақырыбы рұқсат етілгендік презумпциясымен реттелуі мүмкін.⁴ Мұсылман факихтары ибадаттан екі негізгі ерекше жағдайды анықтады: *гибадат* ету (*ибадат*) және ер мен әйелдің некесіз жыныстық қатынасқа түсуі. Бұл жерде *гибадат* (*ибадат*) анық мәтінмен расталуы керек, әйтпесе, ғибадатқа тиым салынған болады. Сондай-ақ, неке болмаса, ер мен әйелдің жыныстық қатынасқа түсуіне тыйым салынады. Сондықтан бес уақыт намазға және оның мазмұны анық жазылған мәтінге ешкім ешнәрсе қосып немесе алып тастай алмайды. Алла Тағала қалай құлшылық ету керектігін Өзі белгіледі, біз де соны ұстануымыз керек.

Маликилер басқа мазхабтар макрух деп санайтын немесе тіпті тыйым салған жануарлардан алынатын тағамның рұқсат етілгені жайында әлдеқайда либералды болып табылады. Шафиғи, Ханафи және Шиит-онекіліктер немесе Жафари жұмсағырақ болса, ал Ханбалилер шектеуге бейім. Маликилер құрлықта және теңізде өмір сүретін жануарлар мен құстардың барлық түрлерін, оның ішінде жыртқыш құстарды, өлікпен қоректенетін қаңғыбас жануарларды (*жаллалах*), сондай-ақ, құ-

мырсқаларды, құрттарды және қоңыздарды тұтынуға рұқсат етеді. Басқа мазхабтардың көпшілігі жоғарыда айтылғандарды *макруһ* немесе *харамға* жатқызған.⁵ Бұл Мәлики *мәзһабының* көзқарасының кеңдігі, ашықтығы мен жан-жақтылығын көрсетеді. Жәнк бұл ислам құқықтануының жетекші мектептерінің исламдық құқықтағы барлық кішігірім дәлелдемелерінің (*адиллах фарийах*) негізділігін мойындайтын жалғыз мектеп немесе мазхаб, ал басқа мектептердің көпшілігі – түрленгіш, біреуін қабылдап, екіншісін жоққа шығарады.

Халал/мубахтың үш түрі бар. Бірінші – *мубах*, әйел немесе еркек адам оны жасаса да, жасамаса да зияны тимейді. Бұған саяхаттау, аң аулау, таза ауада серуендеу кіреді. *Мубахтың* екінші түрі – бастапқыда тыйым салынғанымен, қажеттілік бойынша рұқсат етілген. Бұған біреудің өмірін құтқару үшін өлексені пайдалану жатады.⁶ *Мубахтың* үшінші түріне Ислам келгенге дейін немесе жаңадан қабылданған мұсылмандар Исламды қабылдағанға дейін рұқсат етілген, бірқ, кейін Исламда тыйым салынған нәрселер жатады. Мысалы, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.)^{**} Мәдинаға қоныстанбай тұрып шарап тиым салынғандардың санатынан болмаған. Сөйтіп, оның *харам* екендігін білдіретін уахи түскенге дейін *мубах* санатына кірді. (*Маида*, 5:90)⁷ Кейінірек Әл-Ғазали (ө.ж. 1111) *мубах* түсінігін баланың, есі адасқанның немесе хайуанның іс-әрекетіне қолданудың дұрыс еместігін, сондай-ақ Алланың істерін *мубах* деп атаудың да қате болатынын түсіндірді. Исламнан бұрын болған әрекеттер мен оқиғаларды да *мубах* деп атауға болмайды деді.

Мубах тағы үш топқа бөлінеді:

1. Жеке адам үшін *мубах*, бірақ жалпы қоғам үшін ұсынылатын амалдар (*мәндуб*) саналады. Кейбір тағамдарды жеу, мысалы, вегетариандық тағамдар, сиыр еті, қой еті және т.б. – адам үшін *мубах*, ал қоғам үшін *мәндуб*, яғни

^{**} С.А.С. - салла Аллаһу алейһи уә сәлләм - оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын. Мұхаммед пайғамбардың аты аталғанда айтылады.

бұл тағамдар нарықта қол жетімді болуы керек.

2. Жеке адамға *мубах*, бірақ бүкіл қоғамға міндетті (*уәжіп*) болып табылатын амалдар. Қалыпты жағдайда ішіп-жеу, үйлену адам үшін *мубах* болуы мүмкін, бірақ бұлардың барлығын қамтамасыз ету қоғамға және оның басшылығына *уәжіп* болып табылады. Сол сияқты, *мандуб* жеке адамның кәсіп пен мамандық таңдауы болса, бірақ белгілі бір сауда саласының болуын қамтамасыз ету жалпы қоғам үшін міндетті.
3. Ара-сыра жасалса *мубахқа* айналатын, бірақ үнемі орындалса тыйым салынған амалдар. Мысалы, балаға қарсы бір рет ауыр сөздер айту *мубах* болуы мүмкін, бірақ үнемі айтылғанда тиым салынады, жиі айтылса *мәкрұһ*.⁸

ХАЛАЛ МЕН ТАЙЫБТЫ САЛЫСТЫРУ

Тайыб (дәл мағынасы: таза, жақсы) ақыл-есі сау адамдар таза деп есептейтін нәрселер, іс-әрекеттер, мінез-құлықтар болып табылады және оны адамдар қандай да бір әдет-ғұрыпқа қарамастан қабылдайды.⁹ *Тайыбқа* (көпше түр: *тайибат*) қарама-қайшы нәрсе, ол – егер тіпті кейбірі басқаша ойласа да, талғамы жақсы адамдар жек көретін және қабылдамайтын нәрсе.¹⁰ Жоғарыда *харам* мәселелерін талқылағанымыздай, *халал* және *харам* мен *тайыб* және *хабистің* арақатынасының негізі тайыпты *халалға*, хабисті *харамға* тенеуде жатыр. Алла Тағала *халал* мен *харамды* адамдардың амандығы мен игілігі үшін (*машлахах*) белгілегендіктен, *халал* мен *харамға* бөліудің негізгі мақсаты мен себебі де осы. Ол тайыпсыз *халалды*, *хабис* болмай *харамды* анықтамады. Ал егер бұл табиғи қатынас Құранда болған кейбір жағдайлардағыдай бұзылса, онда тек қандай да бір ерекше себептермен ғана.¹¹ Сонымен, Шариғаттағы *харам* табиғи түрде одан бас тарту (*кхубт*) жағдайына немесе зиян мен зардаққа (*дарар*), немесе олардың жиынтығына негіздел-

ген. Жалпы, толық немесе көбінесе зияны барлар – *харам*, ал толық немесе көбінесе пайдалылар – *халал*.¹²

Дегенмен, *тайыб* құқықтық категория емес, яғни, Ислам құқығы оны рұқсат ету терминдерімен (*мубах/халал*) қатар қою үшін оны жекелемейді. Жоғарыда айтылған «бес дәреже» («*эл-ахкам эл-хамса*» деген атпен белгілі) шамасында *тайыб* жеке категория ретінде қарастырылмаған. Осылайша, мұсылмандарға не істесе де, бір нәрсе ішсе де, тазаға жатпаса да (*тайыб*), ең жақсы сапада болмаса да, рұқсат етілгеніне көз жеткізу парыз етілген. Мысалы, халқының көпшілігі мұсылман емес елдерде өмір сүретін мұсылман үшін халалдың ауқымын тек тайыбпен шектемей, *халал* ережелерін ұстану жеткілікті болады. Әрине, адам жасампазды болып, тайып таңдай білсе жақсы. Кейбір жағдайларда Батыс елдерінде жақсы қызметтер мен тауарлардың болуы сол жерде тұратын мұсылмандарға ең жақсы сапалысын және тайыбты таңдау мүмкіндігін беруі мүмкін. Бірақ ислам құқығы тұрғысынан алғанда, барлық мұсылмандар *халал* мен *харамды* оқып, олардың нормаларын орындауға міндетті. Дегенмен, барлық заңдардың ортақ қасиеті – құқықтық реттеу адамдардың күнделікті өмірінің ең соңғы нүктесі мен мүмкін болатын сценарийлерін қарастыратынын айта кету керек. Айламен және өзімшілдіктің жетегінде кеткен адам сапалы тамақты жемеуі немесе жай ғана рұқсат етілгенді жеуі мүмкін, бірақ сонымен бірге, егер мұндай әрекет қылмыс немесе құқық бұзушылық дәрежесіне жетпесе, ол заң бойынша жауапқа тартылмайды. Бірақ бұл Шариғаттың жеке әрекеттердегі жоғары жетістіктер мен мақсаттарға қатысты алаңсыз екенін білдірмейді. Сол себепті бес дәрежелі шамада ұсынылғандар, яғни *мандуб* категориясы бар. Рұқсат етілген/*халал* тағамға келетін болсақ, заң мұсылмандарға ұлулар, жер құрттары, шегірткелер, келестер, тіпті қолтырауын және т.б. сияқтыларды тағамдар етіп жеуге рұқсат береді, алайда олардың ешқайсысы *тайыб* ұғымына кірмейді. Тағамға қатысты *халал* және *тайыб* арасындағы айырмашылықты жануарлардың, құстардың, сүтқоректілердің және жәндіктердің алуан түрлерін тұтынуға рұқсат

беретін Маликилердің заң мектебінен анық көруге болады. Мұның бәрі тек рұқсат етілген, бірақ, әрине, *тайиб* ұғымына бәрі бірдей сәйкес келмейді. Тамақтану мәселесінде тайып тазалық пен табиғи тартымдылықты білдіреді, сондықтан ол негізінен *мубах* емес, ұсынылғандар (*мандуб*) болып табылады.

Қысқасы, *тайибат* тек тамақпен шектелмейді. Құран мен хадис тілінде бұл ұғым орындалған жұмыс сияқты басқа аспектілерге де қолданылады (қараңыз: («*Бақара*» сүресі, 267-аят), сондай-ақ этикалық мінез-құлық («*Мүминүн*» сүресі, 51-аят) тақырыбында да кездеседі, сөйлеу мәнерін («*Хаж*» сүресі, 24-аят), пәк және тақуа адамдар, ерлер мен әйелдерді («*Нұр*» сүресі, 26-аят) де сипаттайды және тіпті жайлы үйдің жайлылығында да айтылады. (*масакин таййиба*) («*Тәубе*» сүресі, 72-аят; «*Саф*» сүресі, 12-аят) *Тайибат* тағам және басқа да мінез-әрекет аспектілерде *хабисқа* қарама-қарсы сөз ретінде жиі айтылады. Таййыбат тақырыбы – Құран Кәрімде кең ауқымды мағыналарды қамтитын үлкен тақырып. Сондықтан болар Құрандағы *тайиб* сөзі мен оның көпше түрі таййибаны қолдану ұстануға тиісті моральдік категория ретінде түсініледі, бірақ ол міндеттемені көрсетпейді.

Тамақтану ғылымының кең дамуын, генетикалық түрлендірілген тағамның, жаппай азық-түлік өндірісіндегі қосымшалар мен қоспаладың алуан түрлілігін ескере отырып, тамақтану мәселелерінде *тайибті* мандубтың ішіндегі категория немесе тіпті өз ережелері бар жеке категория ретінде анықтау маңыздырақ болатын сияқты. Зауыттық өндіріс және коммерциялық мүдделер төңірегінде қимылдайтын тамақ өңдеу тәсілдері нарықтағы тағамның зиянсыз екеніне үлкен күмән тудырады. Сондықтан халалдық тамақ өнеркәсібіне, кейіннен сертификатталуы және таңбалануы мүмкін азық-түлік өнімдері үшін ең оңтайлысы *тайиб* санатына көбірек назар аудару ұсынылады.

Тайыптың айтылуы Құранда және хадистерде жиі кездеседі, бірақ әрқашан *халал* және *тайиб* бірге қолданылады. («*Бақара*» сүресі, 167-аят; «*Мәйда*» сүресі 4;87-аят; «*Араф*» сүресі, 157-аят; «*Ниса*» сүресі, 160-аят) Басқа жағдайларда

Құранда Пайғамбар мен мүміндерге «*таййыбаты* жеңдер» немесе «біз сендерге берген ризық-несібелерден жеңдер» («*Мүминүн*» сүресі, 42, 51-аятлар; «*Бақара*» сүресі, 172-аят) делінген. Бұл аяттарды оқи отырып, *халалдың* да *таййиб* екеніне көзіміз жетеді. Мұны Пайғамбарға (с.ғ.с) қарата айтылған аятта анық аңғаруға болады: «Олар сенен өздеріне ненің *халал* етілгені (*ухилла* – *халалдың* туындысы) туралы сұрайды. Сонда: «*Таййиб* сендерге *халал* етілді» («*Мәйда*» сүресі, 4-аят) де. Сондай-ақ Құран тілінде жиі *таййибтан* бұрын *халалдың* айтылуы, *таййибтың халалдан* кейінгі келесі саты екенін көрсетеді.

Фихр қағидасы бойынша «*халал* мен *харам* араласса, *харам* саналады». ¹³ Басқаша айтқанда, дәлелдер рұқсат пен тыйымнан тұрса, соңғысы басымдыққа ие болады. Әс-Суюти өзінің «*әл-Ашбах уә әл-Назаир*» атты еңбегінде бұл қағиданың мағынасы жағынан ұқсас бір хадиске негізделгенін атап көрсетеді. Яғни, хадисте «*халал* мен *харам* араласса, *харам* жеңеді» делінген. Бірақ Әбу әл-Фадл әл-Ираки (ө.ж. 806/1403), Тәж әл-Дин әл-Субки (ө.ж.1369 /771.) және Әбу Бәкір әл-Байхаки (ө.ж.1064/456-ж.) сияқты мұсылман ғұламалары бұл хадисті жеткізушілер тізбегі үзілгендіктен әлсіз деп санаған. ¹⁴ Дегенмен, араласу мөлшері мен күмәнділік дәрежесі шамалы болған кезде, қарастырылып отырған қағиданы қолдану күмәнға алып келуі мүмкін. Кейбір ғалымдар тыйым салынған нәрселердің ең аз, кейде болмайтын мөлшері бар жағдайларда да еркінсуге рұқсат берді.

Бір-біріне қайшы келетін немесе ұқсас екі хадистерде, бірі тыйым салып, екіншісі рұқсат еткен жағдайларда да күмән туындайды. Және бұл жағдайда біріншісі екіншісінен басым болады, яғни рұқсаттан тыйым басым болады. Бұл жерде тағы бір құқықтық принцип қолданылады: ол – «зиянды болдырмау пайдаға жетуден басым». ¹⁵ Мәтінге қатысты туындайтын күмәндер нақты (*хақиқи*), мысалы, хадистің сөзіне қатысты немесе салыстырмалы және метафоралық (*идафи*, *мажази*) болуы мүмкін. Сондай-ақ, оларды жеке жағдайда қолдану кезінде күмән туындауы мүмкін. Осы жағдайлардың барлығында

қоғамдық пайданы (*маслахах*) сақтай отырып жүзеге асырылуы тиіс жаңа түсініктемелер, ижтиһадты қайта қараулар мүмкін болады. Демек, дұрыс сойылған *мал* мен өлексенің арасын анықтауда күмән туындаған жағдайда, тыйым салу басым болады да, сәйкесінше, мұндай етті жеуге болмайды. Сондай-ақ, кірістің *рибадан* немесе заңды саудадан болғанына күмәнданатын жағдайда, бұл кірістерді алып тастау қағидасын ұстану керек, мұндай кірістерден сақ болу керек. Бірақ, будандастырылған жануарларға қатысты, мысалы, жылқы мен есектің буданы болса, фикһ ғалымдарының көпшілігі рұқсат етудің көрсеткішін аналық жағынан қарастырады: егер анасы *халал* болса, сөз қозғалған жандының өзі де *халал* болып саналады.

Бірі *халал*, екіншісі *харам* екі түрлі тағам араласса, екі жағдай орын алуы мүмкін: егер бұл екі нәрсені ажырату мүмкін болмаса, мысалы, шарап, қан немесе зәр сумен араласса, *халалдан харам* басым болады; егер бұл екі нәрсені ажыратуға болатын болса, мысалы, қатып қалған майға жәндік немесе шыбын-шіркей түсіп кетсе, онда бұл жағдайда ластанған жері және олардың айналасындағы бөлігі алып тасталып, қалған бөлігі *халал* болып саналады. Алайда, егер аралас затта немесе бөлікте анықтауы қиын өте аз мөлшерде *харам* бар болса және толыққанды тазалықты орнату күрделі болса, мысалы, үлкен қонақүйлердегі ас үй ыдыстарында алкоголь қалдықтары болған жағдайда, күмән саналмайды, алайда бас тарту жақсырақ.¹⁶

БАСТАПҚЫ ТАЗАЛЫҚ ПРИНЦИПТЕРІ (ТАХАРАТ)

Тазалық қағидасы (*тахарат*) көп жағынан рұқсат етілген немесе *ибаха* қағидасын толықтырады, соған ұқсайды. Жалпы ұстаным: Шариғат *халал* деп белгілеген нәрсе таза, ал *харамның* бәрі арам (*нәжис*) болуы әбден мүмкін. Бастапқы тазалық өз кезегінде Шариғаттың барлық нәрсені бастапқыдан таза деп

санайтынын білдіреді.¹⁷ Егер мұны теріске шығарар дәлел болмаса, бұл бізге Ұлы Раббымыздың барлық нәрсені таза және адамзатқа пайдалы етіп жаратқандығын көрсетеді. Маликилер мәзһабы бұл қағиданы сөзсіз қабылдап, жалпы түсініктерді ұстанса, шафиғилер мен ханбалилер тазалық аясындағы «барлық нәрселерге» жануарлар мен қатты заттар кіретін, қолмен ұсталатын (*эл-аян*) объектілер жатады деп атап көрсетті, бұған шошқалар мен иттер кірмейді. Өлі денелерден үшеуінен басқасының барлығы таза емес: адамның денесі (мұсылман болса да, болмаса да), балық және шегіртке. Тірі жануарлардан бөлінетін дене сұйықтықтары немесе тер сияқты барлық заттар да бастапқы тазалық санатына жатады. Дегенмен, балама көзқарасқа сәйкес, бұл таза және сойылуға рұқсат етілген жануарларға ғана қатысты.¹⁸ Ханафилер көпшілігінің пікірімен келіседі, тек бірін қабылдамайды: олар иттерді табиғатынан таза емес деп санайды. Маликилер тазалық жөніндегі Шариғат үкімінің барлық нәрселерді, оның ішінде құрлықтағы және теңіздегі жануарларды, ит пен шошқаны қоса қамтитынын алға тартып, ауқымын кеңейтті. Өмір өзі тазалықтың себебі (*иллаһ*) және өлшемі болып табылады. Бұл жануарлардың өлі денесін жеуге тыйым салынғанымен, бірақ тірі кезінде арам емес болып табылады. Иттер мен шошқалардың ояу немесе ұйықтаған кездегі дене сұйықтықтары таза болады, олардың қарнының ішіндегісі, нәжісі мен құсығын қоспағанда.¹⁹ Демек, тазалық жаратылған дүние мен ондағы тірі формалардың атрибуты болып есептеледі. Бұл да Құранның нақты ненің таза емес екенін түсіндіретін негізгі ұстанымдарынан бірі. Сондықтан арамдық пен ластық анық мәтінмен анықталуы тиіс, әйтпесе әр зат таза болып саналады. Нәжіс пен *харам* санаттары бойынша осындай шектеу қою Құран Кәрімде адам тұтына алатын *нәжіс* ретінде тек он заттың тізімін берілгенімен айғақталады (қараңыз. «*Мәйда*» сүресі, 3-4 аяттар),²⁰ және де Мұхаммед Пайғамбарға (с.ғ.с) қарата: «Олар сенен өздеріне не нәрсенің *халал* қылынғандығын сұрайды: “Сендерге таза нәрселер (дін бойынша *халал* нәрселер) *халал* қылынды” де» (*Мәйда* сүресі,

4-аят) жауап бер делінген. Сондықтан тыйым салынған нәрселердің, яғни, *харам* мен нәжістің аясын Қасиетті Кітапта белгіленгеннен тыс кеңейте алмаймыз. Тек анық мәтін ғана (және ол болмаған жағдайда сезіммен сезілетін нақты физикалық күй) ненің *нәжіс*, ненің таза емес екеніндігін көрсетеді. Мысалы, су, жалпы алғанда, егер физикалық немесе түсі, иісі және т.б. өзгерістер себебінен кір немесе арамдық байқалмаса, дәрет алу үшін таза болып есептеледі. Мұсылман фикх ғұламалары мәтіндегі дәлелдер мен айқын белгілермен қатар, бірауызды пікір (*ижма*) және ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын парасаттылық адамзаттың тұтынуына ненің жаман екенін ажырата алатынын анықтады. Демек, анық мәтін, айқын дәлел және бірауызды пікір ғана тазалық жорамалын жоққа шығара алады.²¹

Араб тілінде және ислам кітаптарында лас пен арамдықты сипаттайтын түрлі сөз тіркестері кәдімгідей және болжамды қолданылады, олардың арасында: *нәжіс*, *ғадһир*, *кхабит*, *рижз* және *рикз* бар. Фикһ ғалымдары нәжісті физикалық (*айния*) және шартты (*хукмия*) деп екіге бөлген. Физикалық ластық – сезім мүшелерімен сезілетін және заттың өзінде болатын нағыз кірлер. Шарифат та бұл түрге жиі нұсқап, көп жағдайда оларды түбі лас деп атайды. Физикалық ластану үш санатқа бөлді: ауыр, жеңіл және орташа. Құқық ғалымдарының арасынан бірауызды пікір бойынша лас дегені күшті саналды, яғни, (*мұғалла*). Келіспеушіліктер оларды орташа (*мутавасси*) немесе жұмсақ (*мухаффаф*) дәрежелеріне дейін төмендетеді. Егжей-тегжейлі тоқталмай-ақ, бұл санаттар сатудың заңсыз болып, болмауын анықтауда және басқа мәселелерде де қолданылады. *Харам* мен *нәжіске* қатысты негізгі қағидаттар шұғыл қажеттілік жағдайларын қоспағанда, бұл өнімдерді азық-түлік, медицина, косметикалық және басқа да мақсаттарда пайдалануға, сатуға және қолдануға тыйым салудан тұрады, ал олармен тікелей байланыс, ұстау, қолға алу әдетте, намаздың (салах) дұрыстығын бұзуға әкеліп соғады.²²

Жасанды ластану негізінен құқықтық аясының атрибуты болып табылады, олар көзге көрінуі мүмкін немесе көрінбеуі мүм-

кін, бірақ Шариғат оларды таза емес және олар намаз дәретін бұзады деп анықтаған. Олар – ышқыну, зәр шығару немесе жыныстық қатынас. Ғибадаттық тазалықты қалпына келтіру үшін әдетте таза сумен кіші дәрет (*вуду*) немесе толық дәрет (*гұсыл*) алынады. Фихһ кітаптарында көрсетілген *нәжістен* тазарудың басқа әдістеріне кептіру және қыздырудан тұратын, *мал* терісіне байланысты болса кептіру, отпен күйдіру және өртеу, ластанған құдыққа байланысты болса белгілі мөлшерде су шығару арқылы құрғақ дәрет алу рәсімдік тазалығы жатады. (*әл-тәяммум*)²³

Сондай-ақ Шариғат нәжістің басқа түрлерін, мысалы, иманды жоққа шығару (*куфр*), қылмыс және күнәны анықтады. Олар адамның жеке басына және мінезіне әсер ететін лас нәрселер деп саналады. Арамдықтың бұл түрлері иман келтіру арқылы, егер қылмыс немесе күнә орын алса, сыналу және жазалану арқылы немесе қайырымдылық пен зекет беру, ораза ұстау, соңында тәубе жасау (*тәуба*) арқылы кіретін кінәні жуып-шаю (*кәффара*) арқылы жойылады.²⁴ Жоғарыда айтылғандай, егер қандай да бір зат *нәжіс* деп танылса, ол басқа заттармен араласса да тұтынуға тыйым салынады. Және ол адамның денесінде, киімінде немесе *ғибадат* орнында болса намазды бұзады.²⁵

Нәжіс болып саналатын, бірақ анық мәтіндерде айтылмаған заттар мәселесі фақиһтар арасында дау туғызады. Келіспеушіліктің біріншісі – заттардың, іс-әрекеттердің, мінез-құлықтардың тазалығы немесе ластығы туралы мәселені шешуге кімнің уәкілеттілігінің барын анықтау. Рұқсат етілгендер мен тазалықты анықтайтын тек Шариғат па, әлде жалпы қабылданған нормалар мен адамдардың табиғи қалауы ма? Фихһ ғалымдарының көпшілігі Шариғат тұрғысынан *нәжіс* (лас нәрселер) адамдардың қалыптасқан пікіріне әрқашан сәйкес келе бермейтін белгілі бір категория деп шешті. Мысалы, Шариғат алкогольді лас деп санайды (*Рижс*, қараңыз. Құран, *Мәйда* сүресі, 90-аят), бірақ бұл шешім арабтар арасында қабылданған шешіммен сәйкес келмеді. Сонымен қатар, арабтар Шариғат таза деп қабылдаған нәрсені лас деп санаған. Бұған мәтіндерде лас деп көрсетілмеген шәует, сілекей және шырыш

сияқты адамның белгілі бір секрециялық бөлінулері жатады. Осылайша, адамдардың көзқарасы мәдениетке, климатқа және әдет-ғұрыпқа байланысты әртүрлі болуы мүмкін және әрқашан Шариғат ұстанымымен сәйкес келе бермеуі мүмкін.²⁶

Фикһ ғалымдарының көпшілігі Шариғатта *харам* деп аталатын нәрселерді *нәжис* деп санайды. Тереңірек талдасақ, мұның мүлдем сәйкес еместігін көреміз. Мысалы, Шариғат ананы немесе қарындасты некеге алуға тыйым салады, бұл сөзсіз *харам*. Алайда тыйым салынған нәрселерді, атап айтқанда әйелдерді *нәжис* деп атауға болмайды. Бұған жауап ретінде мұндай тыйымдардың заттарға немесе адамдарға қатысты емес, қарым-қатынасқа қатысты екені анықталды, яғни, сөзсіз жиіркенішті жағдай және бұл жағдай тазалық пен ластықтың категориясына еш қатысы жоқ. Сондай-ақ, өзі кір болып табылмайтын, бірақ Шариғат оларды қолдануға тыйым салатын у туралы мәселені де бұған қосуға болады. Фикһтың жетекші мектептерінің көптеген ғалымдары Шариғат жеуге тыйым салған тырнақты және басқа да сипаттары бар жыртқыштар мен құстардың міндетті түрде лас болуы шарт емес екенін ресми түрде мәлімдеген. Оларды жеуді тыйым салу лас (*нәжис*) мәселесіне қатысы жоқ басқа себептерге байланысты болып табылады. Бұл келіспеушілік фикһ қағидасымен шешіледі, яғни: «*нәжистің бәрі харам, бірақ харамның бәрі нәжис емес*».²⁷

Бірақ, қандай да бір затты лас/*нәжис* деп анықтауда негізгі критерий (*иллаһ*) қандай деген сұрақ әлі де көкейкесті. Егер затта белгілі бір фактор немесе белгілі бір сападағы құрамдас ондағы лас нәрселердің/*нәжистердің* болуын көрсететін болса, ал мұндай жағдайдың жоқтығы *нәжистің* жоқтығын көрсететін болса, онда адамдардың қолында формулалар мен нұсқаулар болар еді. Дегенмен, біз мұның нақты критерийін немесе түсінігін анықтай алмайтынымыз белгілі болды. Сөйте келе, «*нәжис* әрқашан пікірталастар алаңы болғандықтан, күмәнді аймақ болғандықтан, ғұламалар біз тек қана *нәжистің* не екенін айтатын Шариғат мәтіндеріне сілтеме жасай аламыз дейді. Бұл қолданудың жалғыз жолы және ең жақсы нұсқауы.²⁸

ТҮЙІМ (ХАРАМ)

Харамды (махзур деп те атайды) былайша анықтауға болады: «*Харам – Заңнама (Шариғат)* белгілі бір терминдермен тыйым салған нәрселердің бәрі, ал, *харам* жасаған адам бұл дүниеде де, ақыретте де жазаға тартылады». *Харам* Құраннан немесе хадистен алынған нақты дәлелмен тыйым салынған әрекет, зат немесе мінез-құлық болуы мүмкін. *Харам* жасау жазаланады, ал харамнан бас тартылса сауап беріледі. Бұл көптеген исламдық құқықтық мектептерінің (*мазһаб*) пікірі. *Ханафилер* арасында сенімділік жағынан да, мағынасы жағынан да дәлел біржақты болмаса, *харам* дәрежесі *тахриман мәкрүһ* (*харамға* жақын) дейін төмендейді және толық мағынадағы *харам* емес болып табылады. Бұл екі ұғым бір-біріне жақын және олардың кез келгенін жасау жазаға, ал жасамау сауапқа алып келеді, бірақ олардың арасындағы айырмашылық *харамды* теріске шығару кәпірлікке апарады, ал *тахриман мәкрүһті* теріске шығару кәпірлікке апармайды.²⁹

Харамның анықтамасына келетін болсақ, Құран Кәрім негізгі дереккөз болып табылады, өйткені онда: «Ол (Алла) сендерге арам етілген нәрселерді ашық білдірген» (*Әнғам* сүресі, 119-аят), бұл түсініксіз және анық емес мәтіндер *харамды* анықтау үшін жеткіліксіз дегенді білдіреді. Мысалы, Құран Кәрімде *харам* етілген он тағамға тоқталып: «Сендерге өлексе, аққан қан, доңыз еті және Алладан басқаның атымен бауыздалған *мал* арам қылынды. Бірде буынып, ұрылып, құлап, сүзіліп өлген малдар және жыртқыш жеген *мал* арам. Бірақ (жаны шықпай) бауыздағандарың басқа. Және тігілген тасқа (пұтқа) арнап бауыздалған *мал* әрі оқтар арқылы талай сынауларың (бал ашуларың) да арам етілді». (*Мәйда* сүресі 3-аят)³⁰ Бұл мәселе басқа екі аятта да қозғалады, олар іс жүзінде көрсетілген он түрді төртке біріктіреді (қараңыз: *Әнғам* сүресі, 145-аят; 2:272), өйткені жоғарыдағы тізімдегі онның соңғы алтауы өлексе болып табылады. Шарап ішу де *харам* деп жарияланды. (5:90) Бұл Құрандағы барлық тыйымдардың жиын-

тығы. Ал, қалғандарына қатысты: «Тілдеріңнің “бұл *арам*, бұл *халал*” деп өтірік сипаттағанын айтпаңдар Аллаға өтірік жала жапсырған боласыңдар» (*Нахыл* сүресі, 116-аят) делінген. Фикһ кітаптарында айтылған басқа азық-түліктер, құрлық жануарлары, зиянды немесе лас заттар және т.б. «*харам* негіздеріне» деген көзқарастары әртүрлі болғандықтан ғұламалар арасында дау тудырады, олар төменде көрсетілген.

Хадистер *харамды* анықтауда маңызды рөл атқарса да, олардың аясы өте шектеулі. Бұған мына хадис дәлел: Салман әл-Фариси Пайғамбарымыздан (с.ғ.с) жабайы есек, бөдене және қышқыл сүт туралы сұрайды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с) былай: «Раббымыз Өз кітабында рұқсат еткен нәрсе *халал*, ал рұқсат етпеген нәрсе – *харам*. Ал аты аталмаған нәрсеге тыйым салынбайды» деп жауап береді.³¹ Құран Кәрімде бұл үш тағам түріне қатысты нақты нұсқаулар болмағандықтан, олар *халал* деп танылды. Пайғамбардың (с.ғ.с) өзі *харамды* анықтау үшін негізінен Құран Кәрімге сілтеме жасағанын ескерсек, қалғандары фикһ болсын, *мужтахид* (ижтиһад жасаушы), мүфти немесе билік болсын, *харам* мәртебесін белгілеуіне шектеу қойылған. Алайда, ел билеушісінің *макруһти* рұқсат етілген деп жариялауға немесе *мандубты* парыз етуге белгілі бір құқығы бар, бірақ бұл маслахқа (қоғамдық мүдде) жету немесе мафсадтан (парақорлық, зиян) сақтану үшін қызмет ететін жағдайда ғана болады. Мұндай кең өкілеттіктер және олардың дұрыс қолданылуы төменде түсіндірілетіндей Шарифатқа бағытталған саясатқа (*сияса шария*) бағынысты болып келеді.³²

Харам екі түрге бөлінеді: а) мәні бойынша *харам* (*харам ли айниһи*), яғни зұлымдығына байланысты тиым салынған: мысалы, ұрлық, кісі өлтіру, өлексе жеу, қан ішу, т.б. б) қосымша фактордың болуына байланысты *харам* (*харам ли ғайриһи*): мысалы, өсімқорлықты (*риба*) жабу үшін жасалған сауда. Мұнда бөлінудің себебтері мындай: *харам* жалпы тек өзі үкімсіз болып (*батил*), тек *харам* ли ғайриһиды бұзу мәселені фасид (даулы) дәрежесіне ауыстырады, бірақ оны толығымен жарамсыз етпейді және Ханафиттер бойынша мұндай әрекет заңна-

малық салдарға әкеп соғады. Көптеген мектептер фасидті жеке категория ретінде мойындамайды және барлық жайттарды *батил* тобында жатқызады. Мысалы, аштықтан өлу жағдайлары сияқты, өткір мәжбүрлік (*дарура*) жағдайлары болмаса негізінде *харам* рұқсат етілмейді. Яғни, *харам* қосымша фактордың болуына байланысты нақты қажеттілік жағдайында және қиындықтарды жеңу үшін рұқсат етіледі. (*харадж*) Фикһтың құқықтық қағидасы бойынша «*харамға* апаратын нәрсе де *харам*». ³³ Ұрлық пен өлтіру *харам* болса, оны жасаудағы құрал мен амалдар да *харам*; шошқаның еті *харам* болса, оны сату, өңдеу, экспорттау және жарнамалау да *харам*.

Харам талаптары барлық адамдар мен орындарға тең болып табылады. Сондықтан, өткір қажеттілік жағдайларын қоспағанда, белгілі бір адамдарға, топтарға, елді мекендерге, климаттық жағдайларға және т.б. басымдылық берілмейді. Сондай-ақ, мұсылмандар мұсылман еместермен қарым-қатынасындағы *харам* істерінде әлсіздік танытуына және халық арасындағы ортақ әдетке байланысты *харам* істерде жеңілдік жасауына рұқсаттары жоқ. ³⁴ Харамға басқаша сипат беру немесе атау беру үшін амал мен айла (*хиял*) қолдануға тыйым салынады. ³⁵ Сонымен қатар, жақсы ниетпен жасалған *харам* да ақталмайды. Ұрланған тағамды тарату, қайырымдылық үшін *рибаны* пайдалану сияқты Раббысына жақындауға (*гурбах*) бағытталған амалмен тыйым салынған амал араласса, *гурбахтан* гөрі *харам* үстем болады. Жоғарыда айтылғандай, *халал* мен *харам* әрдайым анық бола бермейді және әрқашан дереккөздерде нақты анықтала бермейді және олардың арасындағы «қара кеңістік» – күмән ісіне (*машбухат* немесе *шубухат*) жатады, олар төменде бөлек талқыланатын болады. Бірақ, алдымен, тамақтануға байланысты *харам* анықтамасының негіздерін (*асбаб әл-тахрим*) түсіндіріп өткім келеді.

ХАРАМ НЕГІЗДЕРІ

Мұсылман фақихтары тамақтану саласында *харамның* төрт негізін анықтады: ашық зиян, масайтатындар, кір-қоқыс/табиғи жиіркеніш тудыратындар, басқалардың құқығын зорлау.

1. Ашық зиян (*дарар*)

Бұл категорияға улы өсімдіктер, гүлдер, жыландар, шаяндар, улы балықтар және күшән жатады. Ислам құқығының жетекші мектептерінің көпшілігі бойынша уға қатаң тыйым салынған. Алайда, Маликилер мен Ханбалилер удың белгілі бір мөлшерін емдік мақсатта ауруларды емдеуге қолдануға болады деп есептеген.³⁶ Мұндай ескерумен келісуге болады, өйткені ерекше жағдайда уды қолдану мәжбүр (*дарура*) болып табылады. Зиянды заттар улы болмай-ақ, былайша да зиян беретіндер қатарына жатады. Бұған балшықты, көмірді, зиянды өсімдіктер мен жануарларды жеу және т.б. кіреді. Шафиғилер бұл *харам* емес, бұл мәселе тек осы заттардан зардап шеккендерге ғана қатысты деп есептейді. Ханбалилер оларды айыптылар (*мәкруһ*) санатына жатқызады. Жалпы затта зарардың бар-жоғын анықтау әрдайым мүмкін бола бермейді, сондықтан сарапшылық қорытынды қажет болуы мүмкін.³⁷

2. Масайтатын

Құран Кәрімнің (*Мәйда* сүресі, 90-аят) анық нұсқауына және «Мас қылатынның бәрі хамр (шарап) сияқты, ал әрбір хамр *харам*»³⁸ делінген хадисіне сүйене отырып, алкогольді және есірткінің барлық түрлерін қоса алғанда, әр түрдегі масайтатын сұйық және қатты заттарға тыйым салынады. Яғни, бұл бастысы *харам* болғандықтан (*харам ли айниһи*) оның мөлшеріне және бөлек немесе қоспа арқылы қолданылуына қарамастан тиым салынған болып табылады. Тек ерекше жағдайлары – заттың құрамы өзгеріп, масайтуды болдырмауда, мысалы, шарап сірке суына айналғанда. Жетекші мектептердің ортақ пікірі

бойынша, алкогольді мүлдем медицинада қолдануға болмайды, бірақ олардың барлығы шұғыл қажеттілік жағдайында, мысалы, алкогольдің белгілі бір мөлшері немесе оның өнімдері емдеу және оған балама табудың жолы жоқ болып науқасқа қажет екені белгілі болған кезде ғана қолданылады³⁹.

3. Кір-қоқыс және табиғи жиіркеніш тудыратын нәрселер (нәжіс, рижс, хабаис, мустақдхарат)

Оларға өлексе, төгілген қан, шошқа еті (Құран-Кәрім *Әнғам* сүресі, 145-аят) немесе жаратылысы және ақыл-ойы дұрыс адамдар пайымдайтын нәрселер жатады. Ол қатты, сұйық, жанды және жансыз болуы мүмкін. *Хабис* (көпше түрі: *хабаис*, жиіркенішті, *арам*) *тайиб* (таза) сөзінің антонимі және деңгейі жағынан *нәжіс* пен *рижстен* төмен болып табылады. *Хабаис* жыртқыш аңдар мен құстарды, сондай-ақ бит пен құрт сияқты жәндіктердің кейбір түрлерін қамтиды. Олар өз бетінше *нәжіс* болмаса да, Құран-Кәрімдегі *хабаистер* тобының тыйымына жатады. (*Азраф* сүресі, 157-аят) Кейбір заттар адамның сілекейі, шырышы, тері, ұрығы сияқты табиғи лас болмаса да, жиіркеніш сезімін тудыратындықтан таза емес болып саналады. Олардың әрқайсысы күйі жағынан таза деп саналса да, жаратылыс бойынша қабылданбағандықтан *халал* емес.

4. Сатып алуға байланысты тыйым салу

Сондай-ақ, тыйым салынған тағамдар мен сусындарға заңсыз жолмен алынған, мысалы, ұрланған немесе күштеп алынған, құмар ойындар, парақорлық, алдау және Шарифаттағы басқа да заңсыз жолдар арқылы алынған тағамдар жатады. Осыны ескере отырып, Құран-Кәрімде мүміндерге былай делінген: «Әй мүміндер! Өзара малдарыңды бұзықтықпен жемендер. Бірақ өз ризалықтарыңмен саудаласу басқа». (*Ниса* сүресі, 29-аят)⁴⁰ Бұл -мәселедегі ерекше жағдай – ата-ана немесе қамқоршы, қайырымдылық қоры немесе *уақфтың* әкімшісі, сондай-ақ аса мұқтаж және аштық қаупі төнген біреу сияқты белгілі бір адамдарға беріледі.

**ХАРАМ, ТҰРАҚТЫЛЫҚ
ЖӘНЕ ӨЗГЕРГІШТІК: ИСТИХАЛАҢ ҚАҒИДАСЫ
(ЗАТТЫҢ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ)**

Халал мен *харам* негізінен тұрақты және өзгермейді. *Шариғат* *харам* деп атаған нәрсе, жеке қалауларға, әдет-ғұрыптарға және мәдениетке қарамастан, әрқашан солай болып қалады. Шариғаттың *халал* және *харамға* қатысты ережелері мұсылмандардың басқалар үшін тиым салынған, бірақ өздері үшін рұқсат етілген деп айтуға құқығы жоқ. Мұсылман еместерді, сондай-ақ, қиындықтағы және өміріне қауіп төнген мұсылмандарды алмағанда, *Шариғат* ережелері барлық мұсылмандарға бірдей болып табылады. «Мәжбүрлік тиым салынғанды рұқсат етілгенге айналдырады (*эл-дарурат тубиһ эл-махдурат*)»⁴¹ деген мойындалған фикһ қағидасы ауруда, қарттықта, жүктілікте, төтенше жағдайларда, тіпті сапарда жүргенде де кеңінен қолданылады. Шариғаттың *халал* және *харам* мәселесіне қатысты тағы бір басты ережесі – аз мөлшер және көп мөлшерге қатысты ережелері. Егер бір нәрсе *харам* болса, оның шамалысына да тиым салынады деген бекітілген бұл қағида хадиске негізделген. Сондықтан мұсылмандарға шошқа етін немесе алкогольді аз мөлшерде болса да тұтынуға тыйым салынады. Жалғыз ерекшелікті *Ханафи* тарапы ұстанады, ол – мастықты тудырмайтын өте аз мөлшердегі алкогольді тұтынуға қатысты. Бұл жағдайда адам күнә жасаған болып есептеледі, бірақ ол алкогольді тұтынғаны үшін жазаланбайды. (*хадд*)⁴² Алайда, *садд эл-дхараи*⁴³ деген атпен белгілі *харам* жолына тосқауыл қоюға қатысты *Шариғат* қағидасына сүйене отырып, арамдық пен мастықты тудырмаса да *харамның* кез келген мөлшерін тұтыну күнә екені айтылады. Фикһтың жетекші мектептері апиын мен басқа да мас қылатын -өсімдіктерді пайдалану және гашиш шегу туралы да осындай пайымды ұстанады. Олар зиянды деп танылып, «*Лә дарар уа лә дирар фи эл-Ислам*» – «Исламда зиян келтіру және зиянға зиянмен жауап беруге жол жоқ» деген белгілі хадистегі үкімге жатады. Басқаша айтқанда, өзіне де, өзгеге

де зиян келтіруден аулақ болу керек. Масайтатын кез келген зат адам тұтынуына зиянды келеді. Бірақ шарап ішкені үшін құқық бұзған немесе осы заттарды пайдаланғандарға жаза (*хадд*) болмайды. Мұның себебі – аталған жағдайда шарап пен басқа да масайтатын заттар арасындағы ұқсастық арқылы салыстырудағы (*қияс*) белгісіздік. Неге десеңіз, Құран-Кәрімде тек шарап туралы айтылып, басқа заттар туралы айтылмағандықтан, басқа нәрсе үшін жазаның жарап, жарамдығына байланысты белгісіздік бар.⁴⁴ Сондай-ақ, егер жаңа зерттеулер жүргізіліп, жалпыға бірдей қабылданған тәжірибе мықты дәлелге негізделсе, фикһ ережелері өзгертуі ықтимал екенін алып-қосуға болады. Белгілі бір жағдайларда истихала қағидасына сәйкес *харамды халалға* өзгертуге болады.

Адамдардың қатысуымен немесе қатысуынсыз болатын химиялық реакциялар барысында заттың құрылымы мен негізгі қасиеттерін өзгертетін ішкі өзгерістер *харамды халалға* айналдыруы мүмкін. Осыған ұқсас түрлендіру, мысалы, алкоголь сірке суына ауысқанда немесе шошқа еті тұзға сіңіп, ақырында тұздың ажырамас бөлігіне айналғанда байқалады. Бұл түрлену табиғи түрде, мысалы, алкогольді алсақ, алкогольді ашық ауа немесе күн астына қалдырған сәтте немесе оған пияз, нан, ашытқы сияқты басқа заттарды қосқан кезде болуы мүмкін.⁴⁵ Осындай өзгерістерде фикһ қағидасы – истихала немесе түрлендіру жүреді. Бұл қағида бүгінде химиялық өңдеу және өнеркәсіптің сауда, тамақтану, медициналық және басқа салаларға араласуы нәтижесінде азық-түлік өнімдерінің түрлерінің көбеюі немесе өзгеруі аясында көбірек қолданылады. Исламдық медицина ғылымдарының ұйымының (IOMS) мәліметі бойынша *истихалах* – тыйым салынған заттың табиғи сипаттамаларын өзгерту арқылы өзгеше аты, қасиеттері, белгілері бар затты өндіру. Мұндағы өзгеруі заттың химиялық өзгерістерге ұшырауы жатады, мысалы, сұйықмай мен тонмайдың сабынға айналу процесі немесе ғылыми әдістермен тонмайдың май қышқылдары мен глицеринге ыдырауы.⁴⁶

Ислам құқықшылары *истихалахдың* рұқсат етілгендігі және оның ықпалы туралы пікірлері екіге бөлінген. Мұсылман химиялық қасиеттері өзгерген таза емес заттарды қолдана немесе пайдалана алады ма? Бұған жол береді, өйткені, Ханафилердің, маликилердің, ханбалилердің және шафииттердің өкілдерінің көпшілігі таза емес сапаға байланысты болуына қарай *харамның* бар екенін пайымдайды. Бұл сипаттамаларды жою арқылы алкогольдің сірке суына айналуы сияқты, рұқсат етілгенді қалпына келтіруге болады. *Шариғат* шешімдері (*ахкам*) тиісті нақты себепке (*иләл*) негізделген. Яғни, ереженің негізі жойылған кезде, ереженің өзі жұмысын тоқтатады және оны ауыстыру керек болады. Бұл көзқарастағы маңызды ережеден тыс жағдай – *ғибадат* (*убадат*), оның шынайы себепін адам ақылымен анықтау мүмкін емес.

Бірақ негізгі мазхабтардың бірнеше құқықшылары ығына жығылатын тағы бір пікір бар, яғни табиғи ластық *истихалахтан* кейін де сақталады, өйткені трансформация көбінесе толыққанды және дәл емес болып келеді. Алайда, Халықаралық Исламдық медицина ғылымдарының ұйымы (IOMS) ұйымдастырған Медицинадағы Фикһ бойынша тоғызыншы семинарда (1997-жылдың маусымында) тыйым салынған жануарлардан алынған компоненттер немесе истихалахқа ұшыраған таза емес заттар, таза, тұтынуға жарамды және медициналық мақсаттарға қолданылуға рұқсат етілген деген көпшілік пікірі қабылданды.⁴⁷ Мұсылман Лигасының Ислам Фикһ академиясы 2003-жылы 13-17-желтоқсанда Меккеде өткен сессиясында жүргізілетін түрлендіру толыққанды және шошқа етінің бастапқы қасиеттерінің ешқайсысы қалмауын талап етіп, осындай шешім қабылдады. Бірақ толығымен немесе ішінара бүтін болып қалатындай етіп, тек формасы ғана өзгертін толық емес түрлендіру жүрсе бұл зат рұқсат етілетінге кірмейді.⁴⁸ Дегенмен, азық-түлік өндірісінде шошқаның жон майы мен желатинді қолдануға қатысты әлі де даулар бар. Бұл екі өнім де шошқа етінен алынған, дегенмен желатинді – жануарлардың басқа түрлерінен және соңғы зерттеулерге сәйкес, тіпті кейбір

балық түрлерінен де алуға болады. Ортақ ұсынылатын шешім – басқа таңдаулар оңай қол жетімді жерде және шұғыл қажеттілік жоқ жерде күмәнді заттардан аулақ болу.

1996-жылы IOMS ұйымдастырған «Медицинадағы фикһ» атты сегізінші семинарында шошқа еті мен оның өнімдеріне рұқсат етілмеу себебінен -ірімшік, өсімдік майлары, майлау майлары, кілегей, наубайханада пісірілетін өнімдер және балмұздақ сияқты денатурализацияланбаған шошқа еті бар тағам өнімдеріне тыйым салынады деген шешім қабылданды. Егер ондан алынған заттар табиғи қасиеттері өзгеретін түрлендіруге ұшырамаса дәл осындай тыйым салу тәсілі құрамында шошқа майы бар жақпа майларға, кремдерге және косметикаға да қатысты қолданылды.⁴⁹

Желатни геледеу, тұрақтандыру және эмульгациялау мақсатында тағамдық ингредиент ретінде пайдаланылады. Алайда, сарапшылардың пікірінше, шошқа етінен, сиыр етінен және басқа да жануарлардан алынған желатин Исламның истихала талаптарына сәйкес келетін толық өзгеріске ұшырайды, сондықтан оған тыйым салынбайды. Бұл желатиннің құрамында шошқа терісі мен сүйектерінің бастапқы қасиеттері мен сипаттарын қамтымайтындығына байланысты болып табылады. Желатин бастапқы әуелгі бастағы түпнұсқаның пішініне, дәміне, иісіне немесе химиялық құрылымына ие болмағандықтан, ол негізгі рұқсат етілген тағамдар нормаларының талаптарына сәйкес келеді.⁵⁰ Медицинадағы фикһ жөніндегі сегізінші семинарда да «*халал* емес малдың сүйектерінен, терісінен және сіңірлерінен алынған желатин таза және оны пайдалануға болады» деген үкім шығарылды.⁵¹ Су қорларының тапшылығын бастан кешіретін елдердегі суды тазарту процесі туралы да осыны айтуға болады. Біршама уақыт бұрын мен Сингапур премьер-министрінің бір стақан тазартылған ағынды су ішіп жатқаны туралы суреті бар жаңалықты оқыдым. Газетте лас судың күшті тазарту процесінен өткенін, содан соң ол ішуге жарамды және толығымен қауіпсіз еткенін атап өтті.

АЙЫПТЫ (МӘКРУҢ)

Көптеген негізгі мектептердің пікірінше, айыпты (*мәкрух*) дегеніміз аулақ болу керек әрекет, зат немесе мінез-құлық қатарынан екендігін білдіреді, бірақ оны жасаған адам жазаға лайық емес және моральдық кінәға тартылмайды. *Ханафи-лердің* ұстанымы *мәкруһтің* екі түрінің біріне, яғни *мәкруһ танзихиге* қатысты көпшіліктің пікірімен сәйкес келеді. Бірақ олар *мәкруһ тахрими* (*харамға* жақын *макрух*) туралы келіспеушілік танытып, бұл тек моральдық кінәні қамтиды, бірақ жазаны емес деп есептейді. Негізгі ағымдар *мәкруһтан* аулақ болған адам мақтауға лайық және Раббысына жақындайды деп санайды.⁵² *Мәкрух* жалпы тыйымның ең төменгі дәрежесі болып табылады. Және бұл тұрғыда ол *халал* мен *харам* арасындағы, бір жағынан мақұлданбаған, екінші жағынан оларды *харам* деп жариялауға дәлелдер жеткіліксіз болып келетін істер үшін қолайлы категория ретінде қолданылады. Мұндай мәселелер нақты балама болмағандықтан *мәкруһке* жатқызылады. *Ханафи-лер* арасындағы *макрух танзихи* категориясы қалған көпшіліктің арасындағы *мубах* категориясымен сәйкес келеді.

Ханафи-лер бойынша амал нақты түрде баяндалғанда *харам* болып табылады, бірақ Құранда немесе хадисте тыйым салынғандардың ішінен жеңілдету элементі болса, амал *мәкруһ тахрими* санатына кіреді, яғни *харамға* жақын *мәкруһ* дегенді білдіреді. Мысалы, *мәкруһ тахрими* – басқаға құда түсіріліп қойған әйелге құда түсу. Дәлел ретінде сенімділігі күмәнді болып табылатын *Ахад* хадисі бойынша бұған тыйым бар.⁵³ Тағамдарға және адамдар пайдаланатын басқа да заттардың *мәкруһіне* қатысты Ислам құқықшыларының үлкен келіспеушіліктеріне қарамастан, көпшілік *мәкруһке* жиіркенішті иісі бар бұзылған ет, зираттың ортасында орналасқан құдықтың суы, қараусыз қалған *мал* мен жаман-жұтық жейтін үй құсының етін жатқызады, бұған қоса, олардың дәмі мен иісі де айтарлықтай өзгеше. Мұндай малдың сүті жайлы айтылған тиісті хадистерде де бар.⁵⁴ Алайда, бұл ластық жануарлар-

ды әдеттегі лас мекенінен бірнеше күн бойы (құстар үшін үш күн, қой мен ешкі үшін төрт күн, түйе мен сиыр үшін он күн) ұстаған жағдайда жойылады. Дегенмен, басқа ислам құқығы мектептерінің көпшілігі мұндай талаптардан ауытқиды және жиіркенішті халдері мен иістері толығымен жойылғанша жануарды оқшаулауды ұсынады.⁵⁵ Есектің етін жеу мен сүтін ішу – *макрұһ*; түйе зәрін тұтыну және жылқы етін жеу, әсіресе соғыс уақытында қажет болуы мүмкін жағдайда айыпталады.

Жеуге рұқсат етілген белгілі тағам түрлері кейбір жағдайларда айыпты қатарынан саналады. Пайғамбарымыз: «Кім сарымсақ не пияз жеген болса, біздерге жақындамасын немесе біздің мешітімізге жақындамай үйінде отырсын»⁵⁶, – деген. Хадисте айтылғандай, мешітке барған кезде ғана емес, адамдармен қарым-қатынаста болған барлық басқа жағдайларда да жағымсыз иіс тудыратын тағамдарды жеуден аулақ болу керек.

Пілдің азуын сою құралы ретінде пайдалану айыпты болғанымен, бұл мәселеде қарама-қайшы пікірлер бар. Сондай-ақ, малды азық-түлікке пайдалану мақсатынсыз сою да айыпталады, өйткені бұл малды себепсіз өлтіру дегенді білдіреді. Сонымен қатар, балапан құстарды аулау да айыпталған. Барлық тіршілік иелерінің ғаламдық тәртіпте өз орны бар және адамдар өздерінің қамқорлығындағы және бақылауындағы жануарларды қорғауға, сондай-ақ, олардың саулығы мен қоректенуіне жауапты. Біз, жер бетіндегі Жаратқан Раббымыздың құлдары ретінде, қоршаған ортаның сақталуына және Жер-Ана тіршілік иелерінің әл-ауқатына жауаптымыз.

Әл-Шәтибидің (ө.ж. 1388/790) пікірінше, *макрұһ* пен *харам* жасаудың күнәсы, оларға көмек құралы болып, соңына дейін жеткізілмеген және мақсатқа жеткізілмей қалып қойған әрекеттер мен мінез-құлықтың күнәсімен тең емес. Күнә жасау құралы болып табылатын әрекеттерге тыйым салу және айыптау деңгейі іс-әрекеттердің тікелей жасалуынан төмен болады. *Мәкрұһтың* өзі *харам* құралы болуы мүмкін.⁵⁷

Қан, жыныс мүшесі, аталық безі, қынапша, бездер, өт қабы, өт сұйықтығы сияқты белгілі дене мүшелерді тағамға

пайдалану *халалға* жатпайды. *Ханафилер* оларды *мәкруһ тахрими* санатына жатқызады, өйткені, оның сенімділігі жайлы күмәні бар мәтінді хадистерге байланысты.⁵⁸ Діни мәтіндерде *махрух* дәл көрсетілуі мүмкін немесе *мәкруһ* сөзбен немесе ұқсас мағынаны білдіретін сөздермен белгіленуі мүмкін. *Мәкрух* сөзі тура мағынасында мына аятта кездеседі: «Осындай тыйым салынған жаман істердің барлығы Раббының алдында жағымсыз жат қылықтар болып табылады». (*Исра* сүресі, 38-аят) Бұл жағдайда жер бетінде тәкәппарлықпен өмір сүру, білімсіз сөйлеу, тиісті баға бермеу, уәдеге тұрмау деген сөз. Тағы бір Құран аятында: «Әй мүміндер! Табыстарыңның және сендер үшін жерден шығарған нәрселеріміздің жақсыларынан, тиісті орынға жұмсандар» (*Бақара* сүресі, 267-аят) делінген. Сондай-ақ, бұл тақырып Құран аятында қозғалып, «Ол (Пайғамбар (с.ғ.с)) оларды жақсылыққа бұйырып, жамандықтан (хабаистерден) тыяды...» (*Ағраф* сүресі, 157-аят) деп хабарланады. Бірақ бұл аяттың ықтималдығымен ерекшеленетін мәтіні (*захир*) бар. Басқаша айтқанда, жоғарыда аталған алты органның барлығы да *хабаистер* екені күмәнді. Бұл мүшелердің тыйымға жатуы, сондай-ақ, ақыл есі дұрыс адамдардың оларға деген жиркеніштік қарым-қатынасынан да туындайды. (*әл-табаи әл-салима*)⁵⁹ Қалған үш мәзһабтың бұл тақырыптағы қатаңдығы осалырақ, бірақ олар жоғарыда аталған органдарды *мәкруһ* деп санайды.⁶⁰ Бұзаудың асқазанынан алынатын мәйек ферментіне (*минфахах*) және оны ашытып ірімшік жасауда пайдалану мәселесіне келетін болсақ, егер ол дұрыс сойылған малдан алынса, бірауыздан рұқсат етіледі. Бірақ өлекседен алынса, көпшіліктің пікірінше *халал* емес, алайда, *Ханафи* мәзһабы арасында ол – *халал*, себебі, оны және ондай малдың сүтін баламасын пайдаланады.⁶¹ Мәкрухтың басқа мысалдары *мал* сою рәсімдерімен байланысты: дөрекі қатынас (мысалы, жануарды аяқпен сүйреп апару), шафиғи және маликилер бойынша тәсмияны жасамау (яғни Раббының атын еске алу), басқа жануарлардың көз алдында *мал* сою, сою үшін сүйек

пен тасты пайдалану, соймастан бұрын терісін сыпыру, малды құбылаға қаратпау, Алланың атының қасында Мұхаммедтің (с.ғ.с.) есімін айту. Маликилер ислам дініндегі мәтіндерден дәлел болмағандықтан малды құбылаға қаратып қоюды шарт етпейді. Олар бұл әрекеттің негізін бір-бірінен айырмашылығы бар парыз намаз (салах) бен *мал* сою арасындағы әлсіз ұқсастықта жатыр деп айтады.⁶²

Темекі мен шылым шегуге қатысты жағдай әлдеқайда күрделі. Шылым шегу мұсылмандар арасынан тарады деседі, дегенмен, ғалымдар бұл туралы келіспеген. Көптеген ғалымдар темекі шегуді айып әрекет деп санайды: бұл ақшаны ысырап ету және оның тағамдық құндылығы жоқ, дәлелденген медициналық пайдасы да жоқ, сонымен қатар, темекі шегу өкпенің қатерлі ісігі, жүрек соғысы, эмфизема сияқты ауруларға әкелетіні анық. Осыны ескере отырып, темекі шегуден бас тарту ұсынылады, ал кейбір жағдайларда темекі шегуге толығымен тыйым салу керек.⁶³ Темекі шегуді *харам* деп жарияламас бұрын, миллиондаған мұсылмандар осылайша күнәһар және қылмыскер болып жарияланады деген қорқыныш бар, сосын бұл өте дұрыс емес жағдай. Бірақ одан да маңыздысы діни мәтіндерде темекі шегуге болады деген нұсқаулық жоқ, ал, тек исламдық құқықтық қағида бір нәрсені *харам* деп атауға анық мәтіннің болуы ғана мүмкіндік береді дейді.

Кітаптардағы мәкрүһтің анықтамалары ұқсас мағынаны білдіретін сөздермен немесе тікелей *мәкрүһ* деп аталатын *Шариғат* дереккөздеріне сілтемелер болуы мүмкін. Мысалы, хадистердің бірінде Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) жұма намазынан басқа жағдайда күн батқанға дейін түскі намазды қылуды құптамайды. Хадисте Пайғамбардың (с.ғ.с.) белгілі бір уақытта қылынған намаздарды (*кариха әл-нәби*) айыптағаны айтылады.⁶⁴ Ал мына хадисте *мәкрүһке* ұқсас термин келтірілген: «Рұқсат етілген істердің (*әбһәд әл-халал*) ішіндегі Аллаға ең ұнамсызы – ажырасу».⁶⁵ *Мәкрүһ* тыйым түрінде де болуы мүмкін, бірақ көрінісі арқылы ол тек ұсынылмау сипатын көрсетеді. Мысалы, Құран Кәрімде артық сұрақтарға қатысты мүміндер-

ге үндеу бар: «Әй мүміндер! Егер айқындалса сендерге жаман болатын нәрсені сұрамаңдар». (*Мәйда* сүресі, 101-аят) Бұған тағы бір мысал Пайғамбардың (с.ғ.с.): «Күмән туғызатын нәрсені тастап күмән тудырмайтынға бет ал»⁶⁶ дегені.

ҰСЫНЫЛҒАН (МАНДУБ)

Мандуб (сондай-ақ, *сүннет*, *мұстанаһ*, *нәфл* ретінде белгілі) – Шариғатпен ұсынылған, бірақ міндетті емес әрекетті немесе мінез-құлықты көрсетеді. *Мандуб* жасау арқылы адам рухани сауап алады және оны тастағаны үшін жазаланбайды. *Мандуб* – *мәкрүһке* қарама-қайшы, сондықтан, *мәкрүһтен* қашу – *мандуб* саналады. Бауыздалатын малға ұқыптылықпен қарау – *мандуб*, ал оған жасаған дәрежелік – *мәкрүһ*. Қайырымдылық қорын (*уақып*) ашу, науқасты зиярат ету, көрші-қолаң мен қонаққа құрмет көрсету осының барлығы ұсынылғандардың қатарында. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) кейде орындап, кейде орындамай тастап кеткен *мандуб* амалы *сүннет* деп аталады, ол өз кезегінде екі түрге бөлінеді: Бекітілген *сүннет* (*Мүәккәд Сүннет* немесе *суннаһ әл-һуда*) – Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) үнемі орындап, қатаң ұсынатын амалы, мысалы, парыз намазын (*салаһ*) оқу үшін мешітке бару немесе басқаларды намазға (*азан*) шақыру. Қосымша амалдар жасау, яғни, бесін және екінті намаздарының алдында (*зухр мен аср*) екі рәкат намаз оқу немесе Зекеттен тыс қайырым беру сияқты қосымша амалдарды орындау қосымша (бекітілмеген) *сүннеттің* (Ғайри мүәккәд *Сүннет*) мысалы болып табылады. Ислам құқық мектептері *мандубты* атау үшін *татауу*, *фадилаһ*, *ихсан* және *рағаиб* сияқты әртүрлі терминдер әзірлеген, олар көбінесе қалау және мәдени қолдану дәрежесімен ерекшеленеді.⁶⁷

Ұсынылатын және айыпты (*мәндуб* және *мәкрүһ*) негізінен бір-бірінің ұғымдық антонимдері болып табылады. *Мәкрүһке* қарама-қарсы әрекет жасау ол – *мандуб* және керісінше. Исламда тұтынуға ұсынылатын тағамдар Құран Кәрімде оң көзқа-

расқа ие, оларды Пайғамбарымыз тандаған. Оларға, мысалы, бал, інжір, зәйтүн, құрма және сүт жатады. Алғашқы үшеуі Құранда айтылған, ал құрма мен сүтті Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) жақсы көрген. Құрма Рамазан айында ауыз ашуға да ұсынылады.⁶⁸

Сондай-ақ, фиқһтағы ішіп-жеуде не ұсынылады деген сұрақтардың көпшілігі әдеп, дұға жасау және шүкіршілік ету, кейбір ыдыстарды пайдалану немесе пайдаланбау мәселелеріне қатысты болып табылады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) асты ішіп-жеуді дұғамен бастағаны белгілі: «Біздің аштығымызды басып, шөлімізді қандырған Аллаға мадақтар болсын. Оның нығметін өтей де алмаймыз, жоққа да шығара алмаймыз».⁶⁹ Тамақ ішкеннен кейін де дәл осылай айтуды, ал тамақ ішер алдында айтуды ұмытқандарға тамақ кезінде айтуды ұсынды. Осылайша, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) жасаған немесе жасауға шақырған істерінің бәрі *мандуб* болып табылады. -Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) тамақ ішер алдында және одан кейін қолдарын жуатыны, тамақты оң қолымен отырып жегені айтылады мәліметтерде. Сондай-ақ, ол ең жақын жатқан тағамды алуға, ал қолмен тамақтанатындар асты ыдыстың ортасынан емес, мейілінше жақын жерінен алуы керек деген кеңес берді. Және ол асқа қарап үрлеуден аулақ болды, өйткені бұл тамаққа сілекей мен жағымсыз иіс әкелуі мүмкін. Ол (с.ғ.с.) отырып ішкен, бұл ұсынылатын қалып, бірақ ерекше жағдайларда адамдар оның тұрып ішкенін көрген. Сондай-ақ тікелей сабадан ішпу көргенсіздік болатынын және мұның гигиеналық себептері бар екенін жеткізген. Хадисте сондай-ақ Пайғамбардың (с.ғ.с.) алтын және күміс ыдыстарды пайдаланудың дұрыс еместігін айтқан, мүмкін, ұстамдылыққа шақырып, тәкаппарлық пен шектен шығудан аулақ болуды насихаттаған болуы керек. Алтын мен күміс есептесу құралы болды және сол заманда ақша ретінде пайдаланылды.⁷⁰

**ҚАРА КЕҢІСТІК:
КҮМӘН ТУҒЫЗАТЫН СҰРАҚТАР
(ӘЛ-ШУБУХАТ, МАШБУХ, МӘШКҮК)**

Халал мен *харамның* арасында аралас (және көбінесе анық емес) мәселелер бар. Күмән негізінен екі факторға байланысты туындауы мүмкін: не Шариғаттан келген дәлелдің қайнар көзі сенімділік тұрғысынан күмәннан арылмаған, немесе дәлелді белгілі бір мәселеге қолдану сұрағында белгісіздік бар.

Құран Кәрімнің өзінде (*әл-Имран* сүресі, 7-аят) оның кейбір бөліктерінің астарлы екенінің расталуы бар және олар *мұташабиһат* деп аталады. *Мұташабиһатқа* қатысты кейбір сөздердің, сөз тіркестерінің, сөйлемдердің нақты мағынасын Ұлы Раббымыздан басқа ешкім білмейді. Мысалы, бірнеше сүре дәлірек айтсақ, – он тоғыз қысқартылған сөздермен (*мұкаттаат* ретінде білінеді) басталады, олардың мағынасы белгісіз, сондықтан анықталмаған, дегенмен кейбір тәпсіршілер олардың мағынасын Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) білген деп мәлімдейді. Бұл туралы Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) ұзын хадисінде: *халал* мен *харамның* бір-бірінен ажыратылатыны туралы баяндаған, бірақ «олардың арасында күмән бар, оның *халал* немесе *харам* екенін көбі білмейді. Кім мұндан бас тартса, діні мен беделін сақтайды...» делінген.⁷¹ Бұдан сақтану күмәнді нәрселерден аулақ болдырады, тақуалығы, жақсы аты және абыройы сақталады. Көбінесе бұл арылу мен тазару (*истибра*) және күмәнділерге қатысты жасалатын әрекеттер туралы айтылған хадис мәтінінде көрсетілген.

Әл-Қарадауидің айтуынша, бұл хадис «жамандыққа апаратын жолдарды жабу» (*сад әл-зараи*) түсінігін береді, бұл нәтижесінде адамның денсаулығы мен беделінде көрініс табады...»⁷² Басқаша айтқанда, *Машбухатқа* жұмсақтық таныту *харамға* әкелуі мүмкін, кеңес етілгені – *харамға* апаратын амалдардың жолына тосқауыл қою. Олай болса, тағы бір хадисте мұсылмандарға: «күмән тудыратын нәрсені қалдырып, күмән

тудырмайтын нәрсеге бет бұр» делінген.⁷³ Біздің күнімізде күмәнді істер көбейді. Бүгінгі күні күмән мысалы, өнеркәсіптік шаруашылықта, кейбір жануарлардың қалдықтары басқаларға тамақтандырылған кезде туады; еттің рұқсат етілгендігін немесе күмәнділігін анықтауда гормондар мен антибиотиктерді қолдану белгілі бір қиындықтарды тудырады. Кәсіпорындардың тәжірибелік қызметі де исламның мейірімділік қағидаттарына сәйкес келмеуі мүмкін. Осыған ұқсас сұрақтарға шешімді түрдегі жауап сарапшылардың пікірі мен ғылыми пайымдаулардың қолдауымен нығайтылуы тиіс. Кейбір елдерде 74 BSE (Сиырдың губка тәрізді энцефалопатиясының – жынды сиыр ауруы) жиі кездесуі мұндай жануарларды қоректендіру және өсіру әдістеріне де, етінің сапасына да қатысты сұрақтар тудырады.

Тәжірибелік күмәндарды болдырмау үшін талдау және зерттеу қажет. Фикһ қағидасы бойынша «*халал* мен *харам* араласса, *харам* басым болады».⁷⁵ Басқаша айтқанда, қолда бар дәлелдер рұқсат ету мен тыйым салуды қатар көрсетсе, соңғысы басымдыққа ие болады. Әл-Суити өзінің «*әл-Ашбах уа әл-Назаир*» еңбегінде бұл қағиданың ұқсас мағынасы бар хадиске негізделгенін атап көрсетеді, яғни, хадистен үзінді: «*халал* мен *харам* араласса, *харам* жеңеді» деген қорытынды шығады. Бірақ араларында Әбу әл-Фадл әл-Ираки (ө.ж. 806/1403), Тәж ал-Дин әл-Субки (ө.ж.771/1369) және Әбу Бәкір әл-Байхақи (ө.ж.456/1064) бар мұсылман ғұламалары бұл хадисті жеткізушілер тізбегі бұзылғандықтан әлсіз деп санаған.⁷⁶ Алайда, араласу мөлшері мен күмән дәрежесі ең төменгі өлшемге жақын болса да, қарастырылып отырған қағиданы қолдану мәселеге айналуы мүмкін. Кейбір ғалымдар тыйым салынған нәрселердің ең аз, кейде болмайтын мөлшері бар жағдайларда да жеңілдікке рұқсат берді.

Бір-біріне қайшы келетін немесе ұқсас екі хадис болатын болса, бірі тыйым салып, екіншісі рұқсат етсе де күмән туындайды. Және бұл жағдайда біріншісі екіншісінен басым болады, яғни, рұқсаттан гөрі тыйым басым болады. Бұл жер-

де тағы бір құқықтық қағида қолданылады: «зиянның алдын алу пайдаға қол жеткізуден басым болып табылады.⁷⁷ Мәтінге қатысты туындайтын күмәндер мысалы, хадистің сөзіне қатысты нақты (*хақиқи*) немесе салыстырмалы және метафоралық (*идафи, мажази*) болуы мүмкін. Сондай-ақ, оларды белгілі бір жеке жағдайда қолдану кезінде күмән туындауы мүмкін. Осы жағдайлардың барлығында қоғамдық пайданы (*маслахты*) сақтай отырып, жүзеге асырылуы тиіс жаңа түсіндірме мен ижтиһадқа арналған мүмкіншілік пайда болуы мүмкін. Демек, дұрыс сойылған *мал* мен өлексенің ара жігін анықтау кезінде күмән туындаған жағдайда, тыйым салу тарапы асып түседі, нәтижесінде мұндай етті жеуге болмайды. Сондай-ақ, табыстың *рибадан* немесе заңды саудадан түскеніне күмәнданатын жағдайда, бұл кірістерден аулақ жүру керек. Бірақ, будандастырылған жануарларға қатысты, мысалы, жылқы мен есектің буданы болса, *фиқһ* ғалымдарының көпшілігі ана жағын рұқсат етудің көрсеткіші ретінде қарастырады: егер анасы *халал* болса, объектінің өзі де *халал* болып саналады.

Бірі *халал*, екіншісі *харам* екі түрлі тағам араласса, екі жағдай орын алуы мүмкін: егер бұл екі нәрсені ажырату мүмкін болмаса, мысалы, шарап, қан немесе зәр сумен араласса, *халалдан харам* басым болады; егер бұл екі нәрсені ажыратуға болатын болса, мысалы, қатып қалған майға жәндік немесе шыбын-шіркей түсіп кетсе, онда бұл жағдайда ластанған жері және олардың айналасындағы бөлігі алып тасталып, қалған бөлігі *халал* болып саналады. Алайда, егер аралас затта немесе бөлікте анықтауы қиын өте аз мөлшерде *харам* бар болса және толыққанды тазалықты орнату күрделі болса, мысалы, үлкен қонақүйлердегі ас үй ыдыстарында алкоголь қалдықтары болған жағдайда, күмән саналмайды, алайда бас тарту жақсырақ.⁷⁸

ТАҒАМ КҮШЕЙТКІШТЕР МЕН ҚОСЫМШАЛАР

Ортақ ережеге сәйкес ет және сусындар сияқты азық-түлік өнімдеріне қолданылатын тәсілдер тағам ингредиенттеріне, күшейткіштерге және қоспаларға да қолданылады. Мұсылмандар денсаулық пен әл-ауқатқа әрқашан пайдалы бола бермейтін тағамдарға, қоспаларға, косметикаға және дәрі-дәрмектерге қатысты Шариғат шешімдерін орындауға міндетті. Алайда, Шариғатта жиі қарастырылған кейбір жағдайларда «мәжбүрлік *харамды* рұқсат етеді» деген заңдық қағидасы қолданылуы мүмкін. Жоғарыда түсіндірілгендей, барлық нәрселер құқықтық тұрғыдан таза тек теріске шығарылғандарынан басқасы. Кейбір ингредиенттер мен қоспаларға Шариғат ережелерін қолдану үшін бұл заттардың қайнар көздерін ескеру қажет.

Халал көзден алынған кез келген тағамдық ингредиенттер мен қоспалар – сапалысы болған жағдайда *халал* болып табылады. Халалға күмән тудырмайтын өсімдіктерден немесе химиялық заттардан алынған тағамның ингредиенттері мен қоспалары, синтетикалық *халал* өнімдер, жұмыртқа, балық және дұрыс сойылған ет өнімдері жатады деп сенімділікпен айтуға болады. Балық пен көкөністердің барлық түрлері *халал* болып табылады. Өлекседен алынбаса және *харамға* қосылмаса немесе араласпаса сиырдан, қойдан, ешкіден және басқа да *халал* жануарлардан алуға болатын нәрселердің бәрі пайдалануға рұқсат етілген.

Кейбір ингредиенттер мен қоспалар тағамның бұзылуына жол бермеу, түсі мен дәмін жақсарту, тіпті балғындығын ұзарту үшін қолданылады. Бұл қоспалардың кейбіреулері табиғи, мысалы, қант, тұз, бал және т.б., ал басқалары жасанды – натрий бикарбонаты, натрий нитраты, синтетикалық витаминдер болып табылады. Дегенмен, сатып алушылардың денсаулығы мен өмірін қорғауға арналған ережелер мен нормаларды ескере отырып, бірқатар заң бұзушылықтар тіркелді. Тамақ дайындау процесінде қолданылатын кейбір химиялық заттардың денсаулыққа зиянды және қауіпті екені анықталды, сон-

дықтан оларды пайдалану өте даулы. Бұл қоспалардың бірқатары канцерогенді және жыныстық құлыққа, денсаулыққа әсер ететін улы субстанциялардан тұрады.⁷⁹ Егер бұл ингредиенттер мен қоспаларды сенімді тесттен өткізу арқылы зиянсыз ғана емес, сонымен бірге адам денсаулығы мен әл-ауқатына пайдалы екені анықталатын жағдайда, онда оларды пайдалануға болады. Бірақ олардың денсаулыққа зияны дәлелденсе, олар *мәкруһ* немесе *мәкруһ тахрими* болып саналады, ал дәлелі нық болса, тіпті *харам* қатарына кіруі мүмкін.

МАШБУХ ҚОСПАЛАРЫ МЕН ИНГРЕДИЕНТТЕРІ

Көптеген қоспалар мен ингредиенттерді *халал* немесе *харам* деп бірден жіктеуге болатынымен, санаты түсініксіз қоспалар тобы да бар. Мұндай заттар сұрақтар мен күмән тудырады және оларды *халал*, *харам* немесе *мәкруһ* деп жіктеу үшін қосымша ақпарат қажет. Тазалық пен иманды сақтап қалу үшін бұл топтағы тағамдардан аулақ болу керек. Дегенмен, қосымша ақпарат алынғанша күмәнді заттарды *мәкруһ* деп санаған жөн. Бұл ингредиенттерге желатин, эмульгаторлар, тонмай және күмәнді ферменттер кіреді. Мұның бәрі күмәнді. Олардың көпшілігінде оларды оңай алмастырғыш ретінде әрекетке түсетін *халал* қатарындағы немесе вегетариандық тағамдарға баламалары бар.⁸⁰

Сырттан әкелінетін, яғни импорт ет де күмәнді азық-түлік өнімі болып табылады. Импорт азық-түлікке, күмәнді жағдайларда өндірілген және өңделген тағамға қатысты мәселелерді келесі төрт санатқа бөлуге болады:

- ә) Мұсылман құқықшылары көбіне яһудилер мен христиандар тұратын Еуропа мен Американың мұсылман емес елдерінен әкелінетін ет және басқа да азық-түлік өнімдерінің тыйым салынған жануарлардан, жерлерден алынбаған жағдайында импортқа рұқсат етіледі деген келісімге қол жеткізілген. Еттің исламдық рәсімге сай

сойылғанын немесе сойылмағанын анықтау ұсынылмаған. Бұл Құран Кәрімнің анық мәтінінде (*Маида* сүресі, 5-аят) айтылғандай, Кітап иелерінің сойған малдарының еті мен тағамына қатысты қолданылатын ортақ рұқсат қағидасына негізделген, егер оған түбегейлі терістілікке нақты дәлелі болған жағдайларды қоспағанда. Сонымен бірге мұсылмандарға Алладан басқа құдайларға құрбандық ретінде сойылған малдың етін жеуге болмайды.⁸¹ Осылайша, бас тартуға шақыратын негізсіз күмәндердің күші жоқ және рұқсаттылық басымдылыққа ие болады. Егер малды сояр кезде Алланың есімі қасақана айтылмайтыны белгілі болса, онда мұндай малдың еті көптеген ислам құқықшыларының пікірі бойынша *халал* емес болып табылады.⁸²

- б) мұсылман құқықшыларының көпшілігінің пікірінше, зороастризмге сенетіндер (*мәжусилер*) елдерінен және сою рәсімдерін сақтау түсінігі болмаған басқа елдерден әкелінетін ет және ет өнімдері мұсылмандарға тыйым салынған. Олар бұл елдер тұрғындарының басым бөлігін мүшріктер мен кәпірлер деп есептейді. Зороастризмге сенетіндер Кітап иелеріне жатқызылатыны туралы тағы бір пікір бар, егер солай болса олардың сойған еті ұқсастық бойынша *халал* болып табылады. Ибн Хазм әл-Захири (ө.ж.1064/456) зороастризмге сенетіндерді Кітап иелерінің қатарына жатқызып, оларға да кітап түскендерге қатысты ережелерді қолданғаны мәлімделінген.⁸³
- в) Түрлері күмәнді *халал* деп таңбаланған ет өнімдері ісжүзінде *халал* емес. Жалған белгі әдейі жасалды ма, жоқ па, маңызды емес. Бәлкім, бұл *Шаригат* ережелерін мүлде елемейтін сауда және маркетинг факторларының әсерінен болуы мүмкін. Сертификаттауды қай ұйым жүргізгені көрсетілмеген жағдайда ет өнімдерін қате таңбалану мүмкіндігі өте жоғары. Жоғарыда айтылғандай, мұндай өнімдер *маибухат* санатына жата-

ды. Зерттеулер көрсеткендей, етті ингредиент ретінде сатып алуға мүдделі өндірушілер *халал* деп белгіленген еттің шын мәнінде *халал* екеніне сенбеуі керек. Оған сенімді болу үшін еттің әрбір партиясы үшін берілген *халал* сертификатын талап ету керек. Ет ең маңызды ингредиент болғандықтан, бақылаушы органдар жеткізушіні тексеруі немесе басқасын ұсынуы керек. Нарық зерттеулері тұтынушылардың *халал* емес дүкендерден тартылған ет сатып алуға құлықсыз екенін көрсетті. Себебі, ірілі-ұсақты кейбір азық-түлік компаниялары шошқа етін сиыр етімен араластырады. Баяндамаға сәйкес, тіпті Малайзиядағы Куала-Лумпур қаласының Черас ауданында құрғақ тофу зауыты *халал* сертификатына ие болғанымен, шошқа фермасының жанында жұмыс істеген. Өнімдер күмәнді жағдайда өндірілген, фабриканы шошқа фермасынан жұқа қабырға ғана бөліп тұрған. Сондай-ақ, аумақта ағаш өңдеу зауыты жұмыс істеген, оның жұмыс істеуі барысында үлкен көлемде шаң-тоз болған. Ол аздай, сол маңда қаңғыбас иттер де байқалған. Осылайша, «Компанияның өнім қаптамасында қолданылған ЖАКІМ (Малазияның Исламдық даму департаменті) логотипі жалған деп айтуға негіз бар».⁸⁴ ЖАКІМ-ның әрекетке кірісуі үшін біраз уақыт керек болды. Департаменттің бас директоры 2013-жылдың 1 қаңтарынан бастап *халал* логотипін, «мұсылман тағамы», «Рамазан асы» сияқты сөздер мен белгілерді пайдалануға тыйым салатынын хабарлады. Бірінші рет құқық бұзушылық үшін ұйымға 200 000 малазиялық рингит (шамамен 65 000 доллар) көлемінде айыппұл салынады. Екінші рет құқық бұзушылық үшін айыппұл 500 000 малазиялық рингитке дейін өседі. *Халал* деп жарияланған барлық импортталатын азық-түлік өнімдері *халал* логотипімен таңбалануы және ЖАКІМ-ті мойындайтын өнім шығарылатын елдің билігі берген сертификатпен қамтамасыз етілуі тиіс екендігі жарияланды.⁸⁵

г) *халаландыруды* сәйкестендіруге қатысты процестің кейбір күмәнді тұстары – мұсылман еместердің әртүрлі жолдармен салада үстемдік етуге тырысуынан туындайды. Норма бойынша мұсылман орындауы тиіс сою процесін қоспағанда, саланың басқа сегменттері мұсылман еместер үшін ашық болып қала береді. Ауыл шаруашылығы, азық-түлік өнеркәсібі, шикізат өнімдерінің саудасы, логистика, мейрамханалар, қонақ үйлер мен бөлшектік саудадан тұратын қамту тізбегі саласында мұсылман емес елдер мен бизнесмендер басым. Ал, өкінішке орай мұсылман елдері мен компаниялары *халал* өнімдерді өндіру тізбегінде өте шектеулі рөлге ие болып табылды.⁸⁶

ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН ДЕП САНАЛУЫ ЫҚТИМАЛ ИНГРЕДИЕНТТЕР МЕН ҚОСПАЛАР

Жоғарыда атап кеткеніміздей тыйым салу өзгеше көрініс немесе атау беріп, *харам* өндірімек болып, заңдық тәсілге (*хиялға*) жүгінуге де таралады. Бұған шошқа және шошқа өнімдері, дұрыс жолмен сойылмаған *мал* еті сияқты *харамнан* алынған ингредиенттер кіреді; Ғұламалардың көпшілігі тыйым салынған жануарлардан немесе олардың химиялық өзгеріске ұшыраған түрлерінен алынған заттарды пайдалануға тыйым салынады деп есептейді, мысал айтсақ, шошқалардың органдарынан немесе тіндерінен алынатын дәрілік препараттарға арналған капсула жасауда қолданылатын желатин. Құрамында денатурализацияланбаған шошқа тонмайы бар тағам өнімдеріне де тыйым салынады, бұлар – ірімшіктердің кейбір түрлері, өсімдік майлары, сары май, кілегей, бисквит, шоколад және балмұздақ. Мұның бәрі бірінші қажеттілік болмаса, олардан аулақ болу керек. Әрине, қажеттілік критерийін біржақты анықтау мүмкін емес. Алайда, егер мәселе қоғамдық мүддеге қатысты болмаса немесе олардан бас тарту адамдардың өміріне қауіп төндірмесе немесе қалыпты жағдайдың

бұзылуы мен хаосқа әкеп соқпаса, яғни, қажеттілігі болмаса аталған тыйымға бағыну керек. Бұл тағам түрлерінен бас тарту дінде де, өмірде де, ақылда да, текте де, мүлікте де теріс салдарға әкелмейді. Сондықтан пайдаланудан бас тарту абзалырақ болып табылады.

Медицинада әдетте алкогольді ингредиент немесе қоспа ретінде қолдануға оның масайтатын қасиеттеріне байланысты тыйым салынады. Бұл ережеден тыс жағдай баламасы табылғанға дейін алкогольсіз дәрілік зат жоқ болса немесе консервант, еріткіш ретінде дәрі-дәрмектің құрамында аз мөлшерде алкоголь бар кезде ғана. Білікті дәрігерлер тағайындаған арнайы емдеу жағдайларын қоспағанда, барлық есірткі препараттары мен заттарына тыйым салынады және ешбір жағдайда да рұқсат етілмейді. Жоғарыда айтылғандардың Шариғат бойынша негіздемелері *харамды* талқылаған келесі беттерде айтылады.

Шоколад, сусындар немесе алкогольмен боялған тағамдар сияқты құрамында аз мөлшерде болсын шарап болған тағамдардан аулақ болу керек. Шариғаттың айқын қағидасына сәйкес масайтатын нәрсе көп мөлшерде де, аз мөлшерде де⁸⁷ *харам* деп танылған. Бұл жерде мәжбүрлік факторының болмауына байланысты ерекше жағдайлардағы рұқсат етілу ережесі қолданылмайды.

Мәжбүрлік санатына байланысты көптеген медициналық мәселелер бар. Мысалы, дәрі-дәрмектің кейбір түрлері мен ауызшайғыштың құрамында алкоголь бар: мұндай жағдайларда адам алкогольсіз соған балама таба алатын болса, абзалырақ болып табылады. Алайда, тек этил спирті (денатурализацияланған спирт және этанол – алкогольдік сусындардың құрамындағы спирттер) масайтатынын және тиісінше *харам*⁸⁸ екенін еске сала кету қажет. Иістерді немесе ароматтарды шығару үшін алкоголь еріткіш ретінде қолданылатын хош иісті заттар мен парфюмді (мысалы, одеколон суы) пайдалану мәселе емес. Құрамында алкоголь бар денеге арналған лосьондарды қолдануға да рұқсат.

Оның қасында нан және соя сорпасы сияқты *халал* тағамның белгілі бір түрлерінде алкогольдің аз мөлшерін табуға болады. Олардың құрамында (дәм беру үшін алкогольді сусындарға әдейі араластырылатын алкогольден бөлек) өндіріс кезінде химиялық элементтер арасындағы табиғи реакция нәтижесінде пайда болатын алкогольдің өте мардымсыз мөлшері болуы мүмкін. Бірақ соған қарамастан олар *харам* емес болып табылады.

МАЛДЫ ДҰРЫС СОЮҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Малды дұрыс сою рәсімдері мен соған байланысты қойылатын тазалық талаптары *халал* индустриясына жақыннан таныс болып келеді. Өртүрлі мұсылман елдерінде қалыптасқан тәжірибе, кейбір ұсақ-түйек айырмашылықтарымен болса да, *Шариғат* ережелеріне сәйкес келеді. Әрі қарай пікір өрбітуде дұрыс союдың кейбір критерийлеріне және бұл істегі *мандуб* пен *мәкрүһке* жататын нәрселерге тоқталынады. Пікірталас Шариғаттағы *мал* союдың талаптарын ашып, кейбір даулы мәселелерге тоқталады:

1. Ниет: тек ниеті расталған болса *мал* дұрыс сойылған болып саналады, өлтіру үшін сойылмауы тиіс. Бұдан шығатын тұжырымдама – жаман ниетпен сойылған *мал халал* болмайды.
2. Малды сойғанда Алланың атын (*тәсмия*) айту көптеген мазхабтар бойынша *уәжип*, бірақ шафииттер мұны ұсынылатын (*мәндуб*) деп, ал оны тастап кетуді – *мәкрүһ* деп санайды. Екінші жағынан, барлық құқық мектептері бұл талапты әдейі айтпау ниетінде емес, табиғи ұмытшақтық жағдайында болса, онда бұл талапты аттап кетеді, Құран Кәрімде Исламға дейінгі Араб елдеріндегі көне құдайлардың есімдерін айту әдетіне қарсы *мал* союда *тәсмия* белгіленгенін айта кету керек. Сондай-ақ, Жаратушының рұқсатынсыз адамдарға жануарларды өлтіруге рұқ-

сат етілмейтіні, *тәсмия* мұны растау және тану екендігін көрсетеді. Ричард Фольц бұл дәлелді талдаудан мынадай қорытынды жасайды: «Біріншіден, дәстүр адамдар мен жануарлар арасындағы қарым-қатынасқа өте байсалдылықпен қарайды. Екіншіден, жануарларда сезім мен ерік болатыны анық. Ал, үшіншіден, дәстүр адамдарға мейірімділікпен қарауды талап етеді».⁸⁹

3. Рәсімдік союды мұсылмандар немесе христиандар мен яһудилерді қосқанда Кітап иелері де жүзеге асыра алады. Бұл жайында Құранда: «Кітап иелерінің (Христиан, Яһудилердің) тамағы (бауыздағандары) *халал* етілді. Сендердің тамақтарың оларға да *халал* етілді» (*Мәйда* сүресі, 5-аят)⁹⁰ *Тасмия* жасамаса да, Исаның немесе Мұсаның есімін атаса да, әһл әл-кітабтың тамағы мен сойылған малы біз үшін *халал* болып табылады. Кейбір мұсылман құқықтанушылары бұл пікірге қарсы шықты, бірақ Құранда жалпы сөйлеммен тағамы рұқсат етілгендіктен, мұсылмандарға олардың тамақтары мен сойған малдарын жеуге болады.⁹¹
4. Ислам құқығының жетекші мектептерінің ортақ келісіміне сәйкес малды сойғанда тіршілік маңызы бар төрт жолды, атап айтқанда: кеңірдек, өңеш, көк тамырларын кесу керек. Өңештің кесілмейтіні туралы кейбір пікірталастар бар, бірақ барлық төрт жолды бірден кесіп тастау ұсынылады.

Келесі әрекеттер ұсынылады (*мандуб*):

- *Тәсмия* жасау мен «Алла Ұлық» (*Аллаһу әкбар*) деген сөйлемді оқу, ол *тәкбір* деп аталады.
- Іс-әрекетте қателік жібермеу үшін күндізгі уақытта сою.
- *Құбылаға* қаратып сою, алайда, маликилер мұны талап етпейді.
- Барлық жануарларды сол жағына, бастарын жоғары кө-

теріп жатқызу керек. Ережеге бағынбайтыны – *нахр* күйінде кесілетін түйе, оның *дхабһ* күйінен айырмашылығы – сол аяғы байланған күйде тұратыны.

- Сою кезінде малға дөрекілік көрсету айып (*мәкруһ*) болып саналады.⁹²

Сою кезінде мына әрекеттер (*мәкруһ*) болып саналады:

- Мүгедек кісі сойған жағдайда.
- *Тәсмиядан* бас тарту, бұл амалды парыз санамайтындар, атап айтқанда, Шафиғилер мен Маликилер.
- Малды Құбылаға қаратпай сою.
- Ірі қараның *нахр* күйі және түйенің *дхабһ* күйі. Дұрысы – керісінше болу керек.
- Малды қинау, мысалы, басын толығымен кесіп тастау немесе бас сүйегін тесу, жануарды сүйреу, мойынының артқы жағынан кесіп тастау.
- Өтпейтін немесе сәйкес келмейтін пышақпен сою.⁹³

Мәкруһ пен *харамның* аражігін ажыратудың кейбір тұстары әрқашан қатаң сақтала бермейді. Мысалы, кейбір жазушылар *мәкруһтан* болатын нәрселерді кездейсоқ *харамға* жатқызып жатады. Көбінесе бұл діни беделділер деп аталатындар еш ойланбастан *харам* сөзін күшейту үшін қолданады. Бұдан аулақ болу керек, өйткені Құран Кәрімнің аятында анық жазылған: «Тілдеріңнің “бұл *арам*, бұл *халал*” деп өтірік сипаттағанын айтпаңдар Аллаға өтірік жала жапсырған бола-сыңдар». (*Нахыл* сүресі, 116-аят) делінген) Әл-Қарадауи өзінің «*Исламдағы әл-Халал және әл-Харам*» атты кітабында (27-бет) бұл жағдайды егжей-тегжейлі жазып, беделді имамдардың кез келген нәрсені *харам* деп айтудан тартыншақтанғанын көрсетеді. Олар пәтуаларында бір нәрсеге тыйым салу керек болғанда, «*мәкруһ*» терминін қолданған. «Кез келген нәрсені *харамға* жатқызу болып мәселе табылады».

Халал тақырыбына арналған кейбір әдістемелік еңбектерде малдың өзі *халал* болмаса да, терісінің таза екендігі атап өтілген. Бұған Муслим мен Әбу Дәуіт келтірген белгілі хадис нұсқайды: «Тері иленген кезде ол тазаланады».⁹⁴ Бұл хадис жалпылама (*амм*), нақты емес, яғни, оған «барлық тері түрлері, тіпті ит пен шошқа терісі де кіреді. Бұл захириттердің пікірі, әрі Әбу Ханифаның шәкірті Әбу Юсуфтан да жеткен және бұл пікірге әл-Шәвкани қосылған».⁹⁵ Оның үстіне, біздің соған сай ережелерді зерттеуімізден көрінгендей, өлексеге қатысты *Шариғат* тыйымы тері, мүйіз, сүйек және жүнді пайдалануды қамтымайды, тек оны тамаққа тұтынуды білдіреді. Олар бағалы ресурстар (*мал*) болып табылады, өйткені олардың нарықтық құны бар және оларды оңтайлы пайдалану мүмкін болса, ысырап етпеу керек.⁹⁶

КАТЕГОРИЯНЫ АНЫҚТАУДА ӘДЕТ-ҒҰРЫП (*УРФ*) РӨЛІ

Ортақ қабылданған әдет-ғұрып (*урф*, *адах*) ислам құқық ғылымында құқық пен үкім көзі ретінде танылады. Сонымен қатар, «Сауатты адамдар қабылдайтын әдеттегі тәжірибе» ретінде анықталады.⁹⁷ Үкімге негіз болу үшін әдет-ғұрып *Шариғат* қағидаларына немесе мәтіндерге қайшы келмейтін дұрыс және айғақты болуы тиіс. Әйелді мұрагерлік құқығынан айыратын рулық әдет-ғұрып немесе жыландар мен маймылдарды жейтін жергілікті әдет-ғұрып сияқты Шариғаттың нақты нұсқауына қайшы келетін әдет-ғұрып қабылданбайды. Алайда мәтін мен әдет-ғұрып арасында ішінара қайшылық болған жағдайда, әдет-ғұрып ескі мәтіні нақтылануы немесе жетілдірілуі мүмкін. Әдет-ғұрыпқа негізделген үкім әдеттегі ережелерге негізделген үкімнен немесе ұқсастық (*қияс*) бойынша үкім шығарудан басым болып келеді. Себебі, әдет-ғұрып адамдардың қолайлығы үшін шығарылған, көбінесе әдет-ғұрып қиындықты болдырмау үшін қолданылады, ал бұл Шариғаттың көздеген мақсаттарының бірі болып табылады. Фикһ пен ижтиһад ережелерінің көбі

бастауын өзінің дәуірінің қалыптасқан тәжірибесінен алатыны белгілі.

Әдетте ақыл-есі түзу адамдардың кейбір нәрселерді қабылдап, қабылдамауымен (жиірек әһл *әл-урф* деп аталады) дәл келетін тұстары бар болғандықтан әдет-ғұрып тағамдағы *мандуб* пен мәкрухты анықтауда үлкен рөл атқарады. Заңнамада кейбір тағам түрлері рұқсат етілген деп танылуы мүмкін, бірақ ол адамдарға ұнамауы мүмкін, сонысымен тағамның бұл түрі *мәкруһ* санатына жатқызылады немесе, керісінше, *мубах* тағамдары адамдардың қалауына байланысты дәрежесі *мандуб* деңгейіне дейін көтеруі мүмкін. Мысалы, хадистің нақты мәтіні бойынша теңіз өнімдерінің барлығы таза және жеу үшін рұқсат етілген, бірақ, асшаяндар мен қатыран балықтарына қатысты кейбір күмәндар бар.

Асшаяндарды, атап айтқанда, Пәкістанның ханафилік мұсылмандары тұтынбайды және қатыран балығына деген дәл осындай көзқарасты көптеген адамдардан байқауға болады. Негізінде *Шариғат* мұндай әдет-ғұрыптарға қарсы емес. Ақыл-есі дұрыс адамдар мұндай амалды мақұлдаса, фикһ қағидасы бойынша «әдет – үкімге негіз бола алады» делінген. (*әл-адату мухаккаматун*)⁹⁸ Сондай-ақ әдет-ғұрып, мысалы, нарықтық құны бар затты құнды мүлікке (*мал*) жатқызу мәселесін анықтайды. Бал аралары мен жібек құрттары құнды ресурс (*мал*) болып саналмаған, кейін халық тұтынғандықтан және солай деп танылғандықтан, олар *мал* болып жіктеліп, осыған байланысты тиісті пәтуа шығарылған. Дегенмен, әдет-ғұрып ғылым мен техниканың жетістіктерінің ықпалына жиі ұшырап, кеңінен қабылдануы және қолданылуы мүмкін жаңа тәжірибелермен өзгертіліп отыратындығын айта кету керек. Адамдардың тағамға деген талғамы да БАҚ, жарнама, т.б. тәуелді болып келеді. Жаңа әдет-ғұрыптар адамдар арасында қолайлығымен тамыр жаяды, олар көбінесе халықтың тұрмыс-тіршілігінен, тағам түрлерінен көрініс табады. Шариғаттың ешбір қағидасы бұзылмаған жағдайда ғана олар мақұлданады. Оның үстіне адамдардың мақұлдауы немесе мақұлдамауы да мәжбүрлілік

(*дарурах*) болып саналатын затты анықтауда үлкен рөл атқарады.

ЕТ, ТЕҢІЗ ӨНІМДЕРІ ЖӘНЕ СҮТ ӨНІМДЕРІ

Шариғаттың барлық бес категориясын жіктеп және оларды тақырыбымызға қоса келе, біз жануарлардың кейбір түрлеріне қатысты талқылауымызды жалғастырамыз. Жалпы қой, сиыр, қозы, қоян, бизон, бұғы, ірі қара, және түйе – сойып жеуге рұқсат етілген *халал* жануарлар. Рұқсат етілген құстарға тауық, бөдене, күркетауық, қаз және үйрек жатады.

Харам ет және ет өнімдеріне шошқа және шошқа етінен алынған өнімдер мен ингредиенттер жатады. Мұсылмандар үшін шошқаны тұтынуға қатаң тыйым салынған, ешқандай ережеден тыс жағдайларсыз. Және оның өнімдерін өсіруге, тасымалдауға немесе саудалауға да.

Арыстан, гиена, қасқыр, ит, жолбарыс, түлкі, шибөрі сияқты тырнақтары мен азулары бар жыртқыш аңдар, сондай-ақ үй есектері, *халал* санатынан алынып тасталды. *Халал* емес құстарға құзғын, қарға, қыран, сұңқар, бірқазан және басқа да қоқыс жинаушы, өлексе жейтін жыртқыш құстар жатады. Тыйым салынған жануарлар мен құстардың сүті мен жұмыртқасына да тыйым салынады. Аңшылық мәселелерін қоспағанда, тиісті түрде сойылмаған жануарлардың етін жеуге рұқсат етілмейді. Оларға дұрыс сойылмаған және табиғи жолмен аурудан, басқа жануарлардың шабуылынан немесе адамдардың теріс әрекеттерінен өлген жануарлар жатады.

Балық пен теңіз өнімдері, соның ішінде ұлулар *халал* болып табылады. Алайда, балықты азаптауға болмайды. Осылайша, тірі балықты немесе теңіз жануарларын тоқпақтауға және оларды тірідей кесуге тыйым салынады. Оның өздігінен өлуін күтпестен тірі балықты пісіруге болмайды.

Ірімшік және йогурт сияқты сүт және сүт өнімдерінің құрамында заңды көздерден алынған желатиннен басқа желатин болмауы керек. Көптеген ірімшіктерде жануарлардан алынатын

мәйектік және басқа да ферменттер бар. Маңыздысы – олардың рұқсат етілген жануарлар немесе микроорганизмдерден, немесе өсімдік көздерінен алынғанына көз жеткізу.

Барлық жаңа піскен жемістер мен көкөністер *халал* болып табылады. Өңдеу кезінде рұқсаты жоқ майлар, тонмайлар, консерванттар, хош иістендіргіштер, бояғыштар және т.б. пайдаланылған болса, өңделген жемістер мен көкөністер рұқсат етілген болып саналмайды. Алайда, бұл үдерістер барысында мұсылмандар тарапынан бақылау жоқтың қасы. Дегенмен, олардың өндірушісіне өз өнімдері мен үдерістері үшін *халал* сертификатын алғаны жөн болар еді.

Пісірілген тағамдардың төңірегінде де рұқсат етілу жайлы сұрақтар туындайды. Пісіру кезінде белгісіз ингредиенттерді, толтырғыштарды, алкогольдік немесе жануарлардан алынған негізі бар заттарды қолдануға болмайды, әйтпесе өнімдерді автоматты түрде күмәнді категорияға ауыстырады. Қоспалардың, бояғыштардың және консерванттардың *халал* жолмен алынғанын және өндіру кезінде құрамында алкогольі бар ингредиенттерді пайдаланылмағанын қамтамасыз ету маңызды.

МАЛАЙЗИЯДАҒЫ ХАЛАЛ ИНДУСТРИЯ

Малайзия әлемдік *халал* нарығында ерекше орын алатын мемлекет. Шафии мен Осман жүргізген тұтынушылардың қылықтарының зерттеуіне сәйкес, Малайзиядағы мұсылман тұтынушылар үшін *халал* болу талабы басты талап болып табылады деп хабарлайды. *Халал* брендтері мен сертификаттары әртүрлі жерлерде шығарылады, бірақ кейбір жергілікті брендтер өз сегментін құрған. Жалпы, Малайзиядағы мұсылман тұтынушылар Премьер-министр кеңсесінің Малайзия исламдық даму департаментінің (JAKIM) *халал* сертификаттарын талап етеді. 2004-жылы Малайзия Куала-Лумпурде бірінші рет Малайзиялық Халықаралық *халал* көрмесін (MIFAS) өткізу барысында, сол кездегі премьер-министр лауазымын атқарған

Әбдуллах Ахмад Бадәуи сөйлеген сөзінде үкіметтің басты мақсаты Малайзияны жаһандық орталыққа айналдыру екенін және МНАС әлемде бұрын-соңды ұйымдастырылмаған *халал* саудасының ең ірі көрмесі екенін айтты. Малайзиядағы *халал* өнімдері мен қызметтерінің ауқымы өте кең: тамақ пен сусындардан бастап тұрғын үйге, киім-кешекке, сақтандыруға, қаржылық өнімдерге, косметика мен жеке күтім өнімдеріне дейін.⁹⁹

Малайзиядағы жаһандық *халал* орталығының тұжырымдамасы шағын және орта кәсіпкерлікке (ШОБ) Таяу Шығыстың, ИӘҰ елдерінің және т.б. елдердің *халал* нарығына шығу мүмкіндіктерін жасауға бағытталған. 2010-жылы Федералдық ауылшаруашылық маркетинг құзырлы органы (FAMA) тек мұздатылған азық-түліктің нарықтағы өсуін 193 миллиард малайзиялық ринггитке дейін жеткенін бағалаған болатын. Дегенмен, шынайы даму деңгейі нарық сұранысын қанағаттандыра алмайтын *халал* өнімдердің ассортименті шектеулі болғандықтан болжанған мәндерге жеткен жоқ. 2011-жылдың маусым айына қарай Малайзиядағы *халал* индустрия жылына 56 миллиард малайзиялық ринггитке бағаланды, ал жалпы әлемдік нарық 2,5 және 2,7 триллион доллар арасында бағаланды. Сауда және өндіріс министрінің орынбасары Мухриз Махатхир бұл көрсеткіштерді жариялай отырып, Бумипутралар (жергілікті малайлықтар) JAKIM-нің азық-түлік және сусындар өндіретін компанияларға берген 4787 *халал* сертификатының тек 30%-не ғана иелік ететінін айтты. Ол *халал* сертификаттарын алуға өтініш білдіретін шетелдік компаниялардың санының артып келе жатқанын атап өтіп, «*Халал* сертификатын алу Малайзиядан тыс жерде де өсудің мүмкіншілігі», – деді Мухриз Махатхир, сондай-ақ: «*Халал* өнімдерінің нарықтық әлеуеті өте жоғары, әсіресе (АСЕАН), Таяу Шығыс және Қытайда .. дегенді де қосты. Қытайдың бір өзінде *халал* өнімдерінің нарығы үшін зор келешек бар, өйткені оның төрт провинциясында сатып алу қабілеті жоғары болып табылатын көптеген мұсылман өмір сүріп жатыр»¹⁰⁰. Жаһандық *халал* орталығын құру саясатын іске асыру үшін Малайзия үкіметі Өнеркәсіпті дамытудың Екінші

Бас жоспарында (1996-2005) және Ұлттық Агроөнеркәсіп Саясатында (1998-2010) осы өнеркәсіпті қолдау үшін іс-шаралар қабылдады, соның нәтижесінде бүкіл ел бойынша *халал* өнімдерді өндіруге арналған индустриалдық парктер көптеп ашылды. Жергілікті басқарма органдары бастамасымен Селангор, Кедах, Малакка, Негери Сембелан, Перак және Паханг штаттарында *халал* парктер құрылды.¹⁰¹ *Халал* парктер еліміздің географиялық ауқымында *халал* өндіру-сату тізбегінің үлкен бөлігін кластерлеудің тиімді құралы болып табылады. Кластерлеудің артықшылықтарымен қатар (мысалы, жеткізу тізбегін қысқарту, шығындарды азайту, инновациялар және т.б.) *халал* паркі *халал* тағам үшін берік база құруға және бірыңғай *халал* стандарттауын тиімдірек етуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, Малайзия *халал* тағамды аккредиттеу және *халал* консерванттарды тіркеу сияқты жаһандық мәселелерді шешу үшін ASEAN-ның бірнеше елдерімен жұмыс тобын құрды.

Халалды сертификаттауға жауап беретін JAKIM компаниясына жөнелту және қаптау сияқты *халалға* қатысты операцияларды қадағалау міндеті жүктелген. Импорнтталған өнімдер JAKIM арқылы аккредиттелген белгілі ұйымдармен сертификаттаудан өтеді. Ветеринариялық қызмет департаменті және Денсаулық сақтау министрлігінің азық-түлік өнімдерінің қауіпсіздігі және сапасы жөніндегі бөлімі сияқты мемлекеттік органдар тағамға зиян келтіретін заттар мәселесімен айналысады. Сонымен қатар, Малайзия орталығының тұжырымдамасы Дүниежүзілік *халал* стандарты үшін азық-түлік өндірісі мен өңдеу саласында ғана емес, сондай-ақ, дәрі-дәрмектер, косметикалар және консерванттар үшін бағдар белгілеуге бағытталған.¹⁰² *Халал* сертификатын алғаннан кейін компаниялар *халал* логотипін басып шығарып, өнімдерінде, жарнамаларында, қызметтік үй-жайларында және сауда орындарында көрсетеді.

Халалды сертификаттау процесіне мұсылмандар мен Бумипутралардың салыстырмалы түрде төмен қатысуының бір себебі баға болып табылады. Екі жылға сертификат алуға әр өнім үшін 2 000 малайзиялық ринггит төлеу керек. Сертифи-

кат алу барысы туралы: «Бұл өте көп еңбекті талап ететін жұмыс. Ингредиенттер мен материалдарды өңдеуден логистикаға дейін кәсіпорынның және өндіріс процесінің әрбір қадамы бағаланып, талданады» деп айтылады.¹⁰³ Дегенмен, іс жүзінде әлі де кемшіліктер бар. Сарапшылар JAКІМ өкілдері тарапынан *халал* логотипін пайдаланудың қадағалануын тиісті түрде атқармау себебінен кейбір өнімдер немесе қызметтердің *халал* сертификаттарының шынайылығы күмән тудырғанын атап өтті.¹⁰⁴

Халал өнімдер, Малайзия стандарттарына сәйкес, Шариғатпен рұқсат етілген және келесі шарттардың талаптарына жауап беретін заттар болып табылады:

- а) Азық-түлік өнімдері мен олардың ингредиенттерінде *Шариғат* бойынша *халал* болып табылмайтын және *Шариғат* заңына сәйкес сойылмаған жануарлардан жасалған компоненттер немесе өнімдердің болмауы;
- ә) Азық-түлік өнімдерінің құрамында *Шариғат* бойынша *нәжис* (лас, кір) санатына жататын ингредиенттердің болмауы;
- б) Азық-түлік өнімдерінің қауіпсіз және зиянсыз болуы;
- в) Азық-түлік өнімдері мен олардың ингредиенттерінде Исламда жеуге тыйым салынған жануарлардың бөліктерінің болмауы;
- г) Шариғатқа сай *нәжис* саналатын затпен ластанған жабдықта азық-түлікті дайындауға, өңдеуге немесе өндіруге тыйым салынуы;
- д) (а), (ә), (б), (в), (г) тармақтарының талаптарына сәйкес келмейтін немесе *Шариғат* бойынша *нәжис* болып саналатын қандайда бір азық-түлік өнімдерінен азық-түліктің алшақ ұсталынуы. Бұл жерде дайындау, өңдеу, қаптау, сақтау немесе тасымалдау процесі туралы айтылады.

Осы стандарттарға сүйене отырып, Малайзиядағы *халал* азық-түліктерде, сертификатталған заттарда, өнімдерде Шарифатқа сәйкес *харам* немесе *нәжис* саналатын нәрсе жоқ екенін атап өтуге болады. Бұл стандарттар орындалған жағдайда ғана уәкілетті орган өнімнің *Шарифат* бойынша рұқсат етілгендігін және олардың *халал* дәрежесін растайтын сертификат береді.

Бұл стандарттар тұтынушылардың және жалпы қоғамның өмірі мен әл-ауқатын қорғайды. Олар сондай-ақ, халықаралық және жергілікті сауданы ынталандыруда және қолдауда үлкен рөл атқарады. Ал, бұл өз кезегінде ортақ игілікке бағытталған азық-түлік қауіпсіздігі мен денсаулық саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамытуға, сонымен қатар, нығайтуға әкеледі.

ИСЛАМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ

Ислам және ғылым өте ауқымды тақырып және оның мақсаты тек Исламдағы *халал* мен *харамға* деген әсерін бағалау болып табылатын шағын тарауда талқылауға келмейді. Алайда, туындайтын бірінші сұрақ осы ұғымдардың негізгі қағидаларына қатысты: *халал* мен *харамның* тек адамдық логика немесе ғылыми біліммен ғана емес, сонымен бірге, олардың ең алдымен илаһи (уәхи) аяттағы үйлесуімен де анықталатыны анық. Әдетте ғибадатқа (*ибадат*) қатысты мәселелер жөніндегі шешімдер ғылыми дәлелдерге қарамастан Шарифатпен бекітіледі және бұл Исламда енгізілген кейбір азық-түлік тыйымдарына қатысты болғаны да дұрыс, өйткені қандай да бір ғылыми негізге сүйене аласың. Жалпы Ислам ғылыми дәлелдерге ашық. Исламның өлексені, төгілген қанды, алкогольді және шошқа етін тұтынуға тыйым салуын қарастырсақ, барлығы болмаса да, едәуірі ғылыми білімнің сынағына төтеп беретініне үлкен ықтимал бар. Ғылыми парасаттылық метафизикалық шындықты және ашық білімді, сондай-ақ адам болмысының кейбір физикалық емес аспектілерін (мысалы, интеллект туралы ұғым психикалық және мінез-құлықтық құбылыстар жай ғана фи-

зикалық процестердің қарапайым көрінісі ретінде ұғынылатын жүйке жүйесінің биохимиялық деңгейіне дейін кішірейтіледі) жоққа шығара отырып, сезімдік қабылдау шеңберімен шектеледі.

Исламдық құқықтық мектептер уақыт шағын қамтитын шынайы болмыс пен оның көріністерін есепке ала отырып әртүрлі дәрежедегі қайшылықтарды мойындайды. Мысалы, *Шариғат* пен фикһтың аражігі Ислам діні пайда болған бірінші ғасырда болмаған. Шариғаттың теология (*калам*), адамгершілік (*ахлақ*) және фикх (тәжірибелік ережелер) болып бөлінуі де кейінірек пайда болды. Осылайша, күнделікті өмір және адам мінез-құлқына қатысты теориялық теология мен практикалық ережелер арасында белгілі бір дәрежеде алшақтық танылды. Ислам қолданбалы ғылымдар саласындағы ашықтықты және олардың адамзатқа әкелетін пайдаларын қолдайды, насихаттайды. Ғылыми білімді адамзаттың игілігі үшін қолдану тек тиімді ғана емес, тіпті оны *маслах* (қоғамдық игілік) деп санауға болады. Мұсылмандар өздерінің дінін ғылыми білімге кедергі деп қарастырмайды. Керісінше, олар ғылымның дамуына өте үлкен үлес қосты. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) халықтың қажеттіліктерін қанағаттандыратын пайдалы білімді (*әл-илм әл-нафия*) насихаттап, сахабаларына «Қытайда болса да білім ізде» деп білім алуға шақырды. Ислам қандай қайнаркөзден болса да пайдалы білімді қабылдайтыны анық. Қытай, әрине, исламды былай қойғанда, ешбір діни білімімен танымал болған жоқ, бірақ мәдениет, ғылым және даналық саласындағы жетістіктерімен танымал.

Құран Кәрімде үнемі білімге (*илмге*) шақыру, сезім мүшелерімен және бақылап-тану арқылы алынған білімді қабылдауға әрқашан дайын болу, біз өмір сүріп жатқан әлемді зерттеуге және зерделеуге ынталандыру – мұның бәрі Ислам және ғылым мүдделерінің сәйкестігі мен келісушілік тұстарын көрсетеді. Негізінен себептерін зерттейтін ғылымға қарағанда, ең алдымен мақсаттарын зерттейтін ислам философиясы объектілер мен оқиғаларды ғаламдағы илаһи қатысудың бел-

гілері (*аяттары*) ретінде қарастырады. Иманды мұсылмандар ғылымның шектеушісі емес, баю мен кемелдену мүмкіндігі деп түсінеді. Сондықтан, кемелді мұсылман Исламның осы және басқа да өркениеттік мақсаттары туралы түсінігін кеңейте отырып, иман мен ақыл, білім мен ғылым арасындағы символдық байланысты көрсетуге күш салуы тиіс.

Мысалы, малды сояр алдында есеңгірету процедурасы мен өнешін кесу процедурасын қолдануды алайық және мұның *Шаригат* тұрғысынан қаншалықты оңтайлы екенін қарастырайық. Малды есеңгірету әдісі бастапқыда индустрияның мүддесі үшін ойлап шығарылды ма, жануарларды қорғау үшін шығарылды ма немесе екеуі үшін бе деген сұрақтар туындауы мүмкін. *Шаригат* басқа салалармен ымыраға келіп, нарықтағы рұқсат етілген сауданың қалыпты бағытын қолдағанымен, алайда, жоғары құндылықтарға қауіп төндіретін тәсілдерді құптамайды. *Шаригат* маманының қажетті ғылыми дәлелдерсіз малды есеңгірету және өнешін кесу процедурасы туралы кез келген шешімі сыртқы факторлар мен болжамдарға негізделген, сәйкесінше мәселенің күрделілігі мен маңыздылығын ескерсек, бұл жеткіліксіз болып табылады. Сондай-ақ бұл біз айтып жүрген фикһ пен ғылыми білім арасындағы ажырамас байланысты көрсетеді. Малды есеңгірету және өнешін кесу ұғымдары малды сою процесінде салыстырмалы түрде мейлінше ауыртпалықты азайту тарапына жығылуды түсінген кезде ол қабылданады. Бұл *Шаригат* қағидаларына сәйкес. Малайзияның діни билік басқармасы жануардың қабылдау сезімін толығымен тоқтатып алмас үшін шектеулі дәрежедегі ғана тоқпен есеңгірету тәжірибесін мақұлдады. Сиырлар мен қойлар сияқты ірі жануарларды электр тоғымен есеңгірету көптеген мұсылман елдерінің өнеркәсіптік тәжірибесінде бұрыннан мақұлданған. Дегенмен, кейбір білім адамдары бройлер тауықтар кішкентай болғандықтан, есеңгірету процесінен үркіп өледі деп санайды. Бірақ, Түркияда жүргізілген Халықаралық Исламдық Фикһ Академиясының (ИФА) терең зерттеулерінің қорытындысы бройлер тауықтарды есеңгіретуге рұқсат

ету жағына көбірек сүйенеді. Түркиядағы төрт фермаға барған (ИФА) ғалымдары барлық фермаларда бройлер тауықтар сою алдында екі секундтан аз уақыт кернеулі суға батырылғанын және суға берілген 40 ампер кернеу тауықтарды есеңгіреткенін айтады. Бұған қоса, ИФА ғалымдары есеңгіретілген бройлер тауықтар үш минут уақыт ішінде есін жиғанын және бұл олардың кернеуден өлмегенін дәлелдеді дейді.¹⁰⁵

Ислам және ғылым метафизикалық шынайы болмыс пен көктен жіберілген білімнің артықшылығын жоққа шығару мәселесінде ғана пікір тұрғысынан екіге айырылады. Ғылым мұны қабылдамайды, ал Ислам болса өзінің діни постулаттарына жүгінеді. Осылайша, оның шындық пен болмыс туралы материалистік көзқарасын қабылдамай-ақ, ғылымның адамзатқа тигізетін пайдасы жөніндегі практикалық мәселелер тұрғысынан сәйкестіктің бары туралы қорытынды жасауға болады.

ҚОРЫТЫНДЫ ЖӘНЕ ҰСЫНЫСТАР

Мұсылман қауымы немесе үммет иманға негізделген қоғам болғандықтан, оның көптеген бөліктері өзара білім алмасуына ашық болып қалуы керек және ислам өркениетінің кең біртұтастығы аясында әдет-ғұрыптар мен мәдениеттердегі айырмашылықтарды ескеруі тиіс. Егер Исламды *таухид* шеңберіндегі әдеттегі *ихтилаф* (келіспеушілік), біртұтастық ішіндегі әртүрлілік деп баға беріп, сипаттауға болатын болса, мұның барлығы негізінен Құранның жақындастыру мен біріктіру ықпалының, Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) үлгілі ілімдерінің және негізгі құндылықтарға байланысты ымыраға келудің арқасында. Сонымен қатар, бұл үммет *халал* және *харам* деген екі ұғымға негізделген рухани-құқықтық аспектілердің адамгершілік қағидаларын да ұстанады. *Халал* тағам, *халал* сауда және ақша – үмметті ерекшелейтін ортақ құндылықтардың бірі. *Ихтилафпен* салыстырғанда *таухид* Исламның әлдеқайда көрнекті ерекшелігі болып табылады. Біркелкілік пен стандарт-

тау *таухидке* көбірек жақын болғандықтан, *халал* индустриясында стандарттауды ілгерілету құптарлық қана емес, сонымен қатар әбден мүмкін жағдай. Құндылықтардың, мәдениеттердің және әдет-ғұрыптардың ортақ белгілері аясында біркелкілікке ұмтылу ниеті болса, онда стандарттау мақсаты үлкен дәрежеде қолжетімді болады, бұл өз кезегінде дүние жүзіндегі мұсылман елдері мен қауымдастықтары арасындағы *халал* азық-түлік пен *халал* қаржымен қатар сауда тәжірибесіндегі адамдардың үлкен біркелкілігіне ықпал ететін болады. *Халал* индустриясының барлық материалдық аспектілеріндегі стандарттау, әрине, бүкіл мұсылман әлеміндегі біркелкілену мен үйлесуге ұмтылуымыздың іргетасы – түскен Кітапқа негізделуі тиіс.

Фиқһ ережелері жалпы, парасаттылық шеңберінен шығатын діни (*таабуди*) аспектілері бар *халал* және *харамға* қатысты түскен Кітаптың ережелерін ашып, нақтылайды. Біркелкілікке қол жеткізу үшін біз мыналарды ұсынамыз:

- *Халал* индустриясындағы *халал/мубах*, сондай-ақ *мәкруһ* пен *мандуб* мәселелерінде үлкен біркелкілік пен стандарттауға таңдау қағидасын (*тахаййур*) пайдалана отырып қолжеткізуге болады, яғни, мәһабтардың түрлі ережелерінен осы мақсат жолында жұмыс істейтінін таңдау. Ислам құқықтануында қабылданған *тахаййур* әдісі ислам құқығының жетекші мектептері бір-бірлерінің *Шариғат* түсіндірмелері тең деп санайтынын мойындауына негізделген, бұл, әрине, орасан үйлесімділік пен өзара біркелкілікке мол мүмкіндіктер береді.
- Біз сондай-ақ әртүрлі мектептер немесе ғалымдардың үкімдерінің кейбір аспектілерін біріктіру (*талфиқ*) әдісін қолдануды ұсынып отырмыз, бұл олардың бір формулаға бірігуіне әкеледі. *Талфиқтың тахаййурден* айырмашылығы, егер соңғысы болғанда әртүрлі мазһабтардан біртұтас үкім таңдалса, *талфиқ* кезінде әртүрлі үкімдердің/түсіндірмелердің кейбір бөлшектерін әрі қарай қолдану мақсатында бір формулаға біріктіруге ұмтылынады.¹⁰⁶

- Әр елде және аумақта әртүрлі салалардағы деректерді біріктіре алатын беделді *Шаригат* кеңесі құрылуы керек. Пікірталастар, ұсыныстар мен пәтуалар үмбеттегі әртүрлі мазхабтардың, елдердің және мәдени аймақтардың академиялық идеяларымен нығаю үшін белгілі бір дәрежедегі әртараптандыру қажет. Бұл кеңес құрамына Батыстағы мұсылман азшылықтарының өкілдері, сондай-ақ, белгілі сала сарапшылары мен нарық сарапшылары да кіруі керек.
- Кеңестің шешім қабылдауын және/немесе пәтуа беру сұрақтарын реттейтін процедуралар дайындау қажет. Сондай-ақ кеңес шешімдерін бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау және нарыққа ену жоспарларын белгілеу қажет.
- Макро және микро деңгейлерде *халал* тәжірибесін стандарттау үшін белсенді қадамдар жасау қажет. Осыған байланысты ислам құқықтануындағы басқарушының (*ули әл-амр*) *мандуб* дәрежесін парызға көтеру немесе *мәкруһті* тыйым салынған деп белгілеу, *мубахтың* кейбір мәселелерін реттеу және егер халықтың мүддесіне (*маслаха*) қызмет ететін болса, күмәнді сұрақтарға қатысты шешім шығару құқығы сияқты аспектісін есте ұстаған жөн. Осылайша, заңды басқарушылар қалыптасқан жағдай тұрғысынан халықтың мүддесін барынша қорғайтын стратегияны қалыптастыруға және заң шығаруға құқығы бар. Бұл функцияны не болмаса сайланбалы заң шығарушы орган, не болмаса оның қадағалауында жұмыс істейтін сарапшы орган атқара алады.
- Сонымен бірге, біз *Шаригат* ғылымдары, тамақтану ғылымдары саласындағы зерттеушілерді, нарық мамандары мен нарықтың ерекшеліктерін зерттейтін әлеуметтанушыларды, сондай-ақ, ислам әлемінің түрлі елдері мен аймақтарының дәстүрлері және мәдениеттерін біріктіру үшін Малайзияда, ИЫҰ штаб-пәтерлерінде

және басқа да мұсылман елдерінде ғылыми-зерттеу институттарын құруды ұсынамыз. Бұл институт *Шаригат* консультативтік кеңесінің ғылыми-зерттеу құрамдас бөлігі рөлін атқарып, кеңеске *халал* индустриясын одан әрі дамыту және *халал* рәсімдерін стандарттау бойынша ұсыныстар беруі тиіс.

- *Халал* индустриясындағы стандарттау ең алдымен мұсылман қауымдастығы қабылдаған нормалар мен әдет-ғұрыптарға негізделуі тиіс. *Халал* индустриясында стандарттауды ілгерілету кезінде климат, топырақ ерекшеліктері және басқа мәдениеттерге географиялық жақындық сияқты әртүрлі факторлар әсер ететін адамдардың азық-түлік өнімдеріне және маркетингтік қызметке деген қалауларының ерекшеліктерін ескеру қажет. Айырмашылық пен түр деңгейлері әрқашан айқын бола бермейді және зерттеу жүргізу негізінде олардың Шаригатқа сәйкестігін тексеріп, дұрыс оқып-зерделеу қажет болуы мүмкін. Соның салдарынан біз өз зерттеулерімізді елдер мен аймақтардың әдет-ғұрыптарын білумен толықтырып, байытуымыз қажет, дәл солай барлық қажетті деректерді *Шаригат* пен ғылым және социологиялық зерттеулерден алатын кеңестік шешім қабылдау механизмдерін жасауымыз қажет.
- Нарық зерттеушілері *халал* логотиптерін шығару және сәйкестендіру процесінде түсініксіздік пен оны өз мүддесіне пайдалану туралы, сондай-ақ, сертификаттау органдарының заңсыз әрекеттері туралы үнемі айтады. Бұл жағдай көбіне мұсылман емес елдерде жиірек болып көрінуі мүмкін, бірақ бұл мәселе тіпті мұсылмандар саны жағынан көп елдерде де жиі кездеседі. Екі жағдайда да көп мағыналы, жаңылыстыратын сөздерді, сөз тіркестерін, белгілерді қолдану мәселеге айналды. Бұрын айтылғандай, Малайзия билігі 2013-жылғы қаңтарда заңды бұзғаны үшін үлкен сомалық айыппұлдар енгізуге

мәжбүр болды, ал, екінші рет заңды бұзғандар үшін жаза ауырлайды. Дегенмен, тым қатаң жазалау әдісі жақсы шешім болып табылмайды. Ағартушылық жұмыстарын жүргізіп, ал, ынталандыру үшін жеке тұлғалардың, өндірушілер мен жеткізушілердің, сондай-ақ, *халал* өнімдер мен қызметтерді қадағалайтын мекемелердің үздік көрсеткіштеріне марапаттау енгізу керек шығар.

ЕСКЕРТУЛЕР

1. Құқықтанушы ғалымдарының әртүрлі терминологияны қолдану себебі Құран Кәрімнің *халал* мен *харамды* анықтаудағы сақтығына байланысты болуы мүмкін. Қалай белгіленуі жөнінде бұл тек Жоғарғы Раббымыздың өкілеті. Бұл терминдердің мағынасындағы болмашы айырмашылықтарды да атап өтуге болады: *мұбах* және *жайыз* терминдері *Шаригат* толығымен бейтарап болып табылатын нәрсені білдіреді; *халал* термині көбінесе тазалық дәрежесін көрсетеді, әсіресе тағам контекстінде ал, бұл контексте толық бейтараптылықты емес, қалауды көрсетуі мүмкін.
2. Мұбах терминінің арабшасы: лә исма, лә жүнәһа, лә баса, лә йуахизукум Аллаһ және т.б.
3. Арабша: әл аслу фи әл-әшья әл-*ибахах* хатта йадуллу әл-дәлил аля әл-тахрим. Қар.: Жәлал әл -Дин әл-Суйути, Әл-Ашбах уа әл-Найыр (Бейрут: Дар әл-Кутуб әл-Илмия, 1983/1403-хижра), 60-бет. Құқықтық принцип әдетте Құран мен хадистердегі бар дәлелдер негізінде алынған фикһ көзқарасының қысқа және абстрактілі көрінісінен тұрады. Мұны түсіндіре отырып, әл-Суйути адамдардың керікті жеугіне болатынына мысал келтіріп, фақиһтардың бұл мәселеге қатысты пікірлерін білдірмегенін, сондықтан да осы қағидадан және керікті жыртқыштар қатарынан емес екендігін ескере отырып, оны *халал* етілгендігін айтты.
4. Юсуф Әл-Қарадауи, Әл-*Халал* уа *әл-Харам* фи әл-Исләм (Бейрут: әл-Мактаб әл-Ислами, 1994/1415, 15-ші бас.), 23; және Байа әл-Мурбааһ ли әл-Амир би әл шира (Каир: Мактаба Уахба, 1987/1407 хижра, 2-бас.), 13-бет. Нақты хадис (сахих), әлсіз хадистен айырмашылығы, Пайғамбарға (с.ғ.с.) немесе оның сахабаларына дейін үзіліссіз жеткізушілер тізбегі (иснад) болуымен ерекшеленеді. Мұндай хадистерді жеткізушілері сенім ұялататын, есте сақтау қабілеті жақсы, хабарлары күмәнді емес (шадхаһдһ) және мәліметтерінде сыртқы немесе ішкі кемшіліктер (*иллә*) жоқ. Қар.: Мұхаммед Хашим Камали, Хадистерді зерттеуге арналған оқулық (Лестер, Ислам қоры, 2005) 139-бет.
5. Толығырақ қар.: Уахбах әл-Зухайлидің Әл Фикһ әл-Ислами уа Адиллатух еңбегі (Дамаск: Дарул-Фикр, 1989/1409 хижра, 3-ші басылым), 3:510.

6. Қар.: Мұхаммед Хашим Камали Ислам Заңының қағидалары (Кембридж: Исламдық мәтіндер қоғамы, 2003), 429-бет.
7. Сонда, 429.
8. Әбу Исхак Ибраһим әш-Шатиби Әл-Мувафағат фи Усуль уәл-Ахкам, ред-ған: Мұхаммед Хусанайн Махлуф (Каир: әл-Матбах ас-Салафия 1920/1341 хижра), 1:140, Уахба әз-Зухайли Усул Әл-Фикһ әл-Ислами (Дамаск: Дарал-Фикр, 1986 / 1406), 86-б.
9. Қар.: Юсуф әл-Қардауи Әл-Халал уа әл-Харам, 31-бет.
10. Әл-Қарадауи Әл-Халал уа әл-Харам, 56-бет.
11. Яһудилер үшін кейбір таййибат түрлеріне тыйым салу оларды айыптаумен және жазалаумен байланысты болды.
12. Мысалы, Құран ішімдікке қатысты тыйымды былай түсіндіреді: «Айтындар: Онда үлкен күнә бар, адамдар үшін пайдасы да бар, бірақ пайдасынан күнәлары көп». Сондай-ақ, Әл-Қарадауидың, «Әл-Халал уа әл-Харам» еңбегін, 31-бетті қараңыз.
13. Арабша: «Иза ижтама Әл-Халал уа әл-Харам, гулиба әл-харам» делінген. Жәлал әл-Дин әл-Суйути, Әл-Әшбах уа әл-Найыр (Бейрут: Дарул-Кутуб әл-Илмияһ, 1994), 151-бет. Шабир әл-Қауаид, 325-бет. Бір қызығы, Әл-Қарадауи «күмәнділердің рұқсаттылығы -иттика әл-шубхат» мәселесін талқылау кезінде осы қағидаға сілтеме жасамайды, мүмкін кездейсоқ емес, өйткені бұл қағиданың дәлелдік базасында күмән бар, сонымен қатар, бұл қолайлылық пен ыңғайлылық әкелетін нәрсенің пайдалануына рұқсат етілгендігін көрсететін басқа қағиданың болуына байланысты болса керек. Бұл Әл-Қарадауидің аталған мәселені нәліктен сәдд әл-дхарайи деген айдарымен жіктегенін де түсіндіре алады.
14. Қар.: бұл мәселенің талқылануын «Бағалы қағаздар жөніндегі комиссия. Шаригат Консультативтік Кеңесінің Бағалы қағаздар жөніндегі комиссиясының қаулылары, 2-ші бас., Куала-Лумпур, 2007, 158-бет.
15. Арабша құқықтық қағидасы: «Дар әл-мафасид аула мин жалб әл-манәфи».
16. Қар.: Шабир әл-Ғауаид, 326-8-беттер.
17. Уизарат әл-Ауғаф уа әл-Шуун әл-Исламияһ, Әл-Мәусуаһ әл-Фикһия (Кувейт: Визарат әл-Ауғаф уа әл-Шууан әл-Исламия, 1421 хижра/2001), 40:75.

18. Сонда.
19. Сонда, 40:79 және 85.
20. Тыйым салынған он нәрсеге: шошқа еті, қан, өлексе, тұншықтырып өлтірілген, ұрып өлтірілген, биіктіктен құлаған, сүзілген, жыртқыштар жартылай жеген, Алланың атымен сойылмаған және тігілген тасқа (пұтқа) арнап бауыздалған *мал* жатады.
21. Қар.: Омар Сулейман әл-Ашқар, Мұхаммед Усман Шабир және т.б., Дирасат Фикһия фи Ғадайа Тиббийа әл-Муасира (Амман: Дар әл-Нафаис, 1421 хижра/2001), 317-бет.
22. Мұсылман құқықтанушылары бірауыздан адамның нәжісі мен зәрін, сондай-ақ, жыртқыш жануарлардың нәжісі мен зәрін лас нәрсеге жатқызады. Жыртқыш жануарлардың зәріне қатысты келіспеушіліктер болса да. Жыртқыш емес, «союға жарамды» жануарлар мен құстардың нәжістері мен зәрі туралы даулы мәселе көбірек.
23. Қар.: Ахмад әл-Хаджи әл-Курди, Бухус уа әл-Фатауа Фикһия Муасира (Бейрут: Дар әл-Башаир әл-Исламияһ, 1427 хижра/2007), 29-31 беттер.
24. Сонда, 313-бет.
25. Уизарат әл-Ауһаф уа әл-Шуун әл-Исламияһ, Әл-Мәусуаһ, 40:74 және 77; сондай-ақ, 40:101-103 қараңыз.
26. Әл-Ашқар және т.б., Дирасат, 318-бет.
27. Сонда, 314-бет.
28. Сонда, 317-бет.
29. Қар.: Юсуф Әл-Қарадауи, Әл-Халал уа әл-Харам, 15-бет. Мұхаммед Утман Шабир, Әл-Гәуәди әл-Куллияһ уә әл-Дауабит әл-Фикһияһ фи әл-Шариаһ әл-Исламияһ (Амман: Дар әл-Нафаис, 2006/1426 хижра), 324-бет; Камали Қағидалар, 421-бет.
30. Құранның шошқа етіне тыйым салуы яһуди дәстүрінің жалғасы болып табылады. Сол сияқты Ислам дәстүрінің иттерге деген теріс көзқарасы иттердің құтырмамен жиі ауыратындығымен түсіндіріледі, сондықтан оларды қашықтықта ұстау қауіпсіз болып табылады.
31. Ибн Маджа әл-Ғазвини, Мұхаммед Фуад Абд әл-Бағи, Сунан ибн Маджах (Бейрут: Дар әл-Кутуб әл-Илмияһ, 1987/1407 хижра),

- №3,367-ші хадис, әл-Қарадауи *Әл-Халал* уа әл- *Харам*, 23-бет.
32. Толығырақ қар.: сиясах шариаһ туралы Мұхаммед Хашим Камали, *Шариғат* заңы: Кіріспе (Оксфорд: Уануорлд Баспалары, 2008), 225-245 беттер.
 33. Қар.: Әл-Қарадауи, *Әл-Халал* уа *әл-Харам*, 34-бет, Шабир, Әл-Гауаид, 324-бет.
 34. Қар.: Әл-Қарадауи, *Әл-Халал* уа *әл-Харам*, 37-8 беттер. Мұсылман еместермен қарым-қатынаста *рибаны* (өсімқорлық) қолдану сияқты біраз ерекшеліктер бар. Бірақ бұл өте даулы пікір, кейбір құқық ғалымдары оны жарамсыз деп санаса, өзгелері мұсылман емес адам пайыз төлесе және дұшпан болып табылатын мемлекеттің тұрғыны болса ғана рұқсат дейді.
 35. Сонда, 34-бет. Әл-Қарадауи мұны ойынханаларда билеуді өнер ретінде, ал *рибаны* сауда ретінде қарастыруы арқылы көрсетеді.
 36. Қар.: Визарат әл-Ауға уә әл-Шуан әл-Исламияһ, Әл-Маусала әл-Фикһия (Кувейт, 1993/1414 хижра, 4-бас.), 5:125.
 37. Сонда.
 38. Муслим, Мұхтасар Сахих Муслим, ред-ған: Мұхаммед Насыр әл-Дин әл-Әлбани (Бейрут: Дар әл-Мактаб әл-Ислами, 1987), 342-бет, №1262-ші хадис.
 39. Ала әл-Дин әл-Касани, Бадаи әл-Санайи фи тартиб әл-шарайи (Бейрут: Дар әл-Кутуб әл-Исламияһ, 1986/1406 хижра), 2-бас., 5:114; әл-Зухайли, Әл-Фикһ әл-Ислами, 3:5.
 40. «Мұсылманның *мал-мүлкін* оның рұқсатынсыз алуға болмайды» деген хадистен үзінді де осы мағынаны береді. Қар.: Әбу Бәкір Әбд әл-Раһман ибн әл-Хусейн әл-Байхаки, Әл-Сунан әл-Кубра, ред-ған: М. Абд әл-Қадыр Ата (Мекке: Мактабаһ дар әл-Баз, 1987/1407 хижра), 6:100, №II,325-ші хадис. Бұл туралы басқа хадисте де: «Сен де, *мал-мүлкін* де әкендікі» делінген. Қар.: Мұхаммед ибн Абдулла әл-Хатиб әл-Табризи Мишкат әл-Машабиһ, ред-ған: Мұхаммед Насыр әл-Дин әл-Әлбани (Бейрут: Дар әл-Мактаб әл-Ислами, 1979/1399 хижра), 2-бас., №3,354- хадис.
 41. Мұхаммед Усман Шабир, Әл-Гауаид әл-Куллияһ уа әл-Дәуәбит әл-Фикһияһ (Амман: Дар әл-Нафаис, 1426 хижра/2006), 213-бет.
 42. Қар.: Уахбаһ әл-Зухайли, Әл-Фикһ әл-Ислами, 6 том, 161-бет.

43. Өла әл-Дин әл-Касани, Бадаи әл-Санайи фи Тәртиб әл-Шарайи (Бейрут: Дар әл-Кутуб әл-Илмиyah, 1986/1406 хижра), 5:113, ішімдіктің аз мөлшері болса да рұқсат етілмейтіні туралы бірауыздылықты (*ижма*) баяндайды. Қар.: Садд әл-дхарайи тақырыбының талқылануы, Камали, Құқықтану, 16-тарау, 397-410 беттер.
44. Қар.: Уахбах әл-Зухайли, Әл-Фикһ әл-Ислами, 6-том, 166-бет.
45. Қар.: Абдул Рахман Ауанг, *Халал* индустриясын Дамыту жөніндегі Бірлестік шығарған *Халал* негіздері жинағында «Истихалаһ және Пайғамбардың (с.ғ.с.) сүннеті», 58-бет.
46. Сонда. Сондай-ақ, қар.: *истихалаһ* тақырыбы бойынша, Ахмад әл-Хаджи әл-Қурди, Бухут уа Фатауа Фихқияһ Муасираһ (Бейрут: Дар әл-Башаир әл-Исламияһ, 1427 хижра / 2007), 29-бет.
47. <http://www.islamset.org/bioethics/9thiqh.html#1> (2012 жылғы 10 қаңтар бойынша)
48. Фикһ академиясы әл-Шарқ әл-Аусатта шешім шығарды (Лондон), № 9173, 2004 жылғы 9 шілде, 14-бет. Мына сілтемеге өтініз: <http://www.asharqalawsat.com/print.asp?did=211692>. (2012-жылғы 10 қаңтар бойынша)
49. <http://www.islamset.org/bioethics/8thfiq.html> (2012-жылғы 10-қаңтар бойынша)
50. «Ислам бойынша диета», Назих Хаммад. Онлайн нұсқасының қолжетімділігі: <http://www.themodernreligion.com/health/diet.html> (2012-жылғы 10-қаңтар бойынша) Сондай-ақ, Абдул Рахман Ауангта келтіреді, «Истихалаһ», 60-бет.
51. <http://www.islamset.org/bioethics/8fiqh.html>. (2012 жылғы 10 қаңтар бойынша)
52. Толығырақ қар.: Мұхаммед Әбу Захра, Усул-әл-Фикх (Каир: Дар әл-Фикр әл-Араби, 1958/1366 хижра), 34-бет; Камали, Қағидалар, 424-бет.
53. Қар.: Камали Қағидалар, 426-бет.
54. Сонымен, бір хадисте: «Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) жаллалаһ түйенің етін жеуден тыйған» десе, екінші хадисте: «Пайғамбар (с.ғ.с.) жаллалаһ түйенің сүтін ішуден тыйған» делінген. Екі хадис те Әбу Дәуіттің Сунан Даракутни және Сунан кітабында келтіріліп, Визарат әл-Ауқаф уа әл-Шуун әл-Исламияһтың Әл-Мәусуа әл-фиқхияда талқыланған, 5:149.

55. Әл-Касани, Бадаий, 5:39-40-бет; Мұхаммед Әмин ибн Абидин, Хашияһ Радд әл-Мұхтар ала Дурр әл-Мұхтар (Каир, Дар әл-Фикр, 1979/1300 хижра), 5:194.
56. Әбу Хафс Омар ибн Бадр әл-Маусилли, Әл-Жаму Байн әл-Сахихайн (Бейрут: әл-Мактаб әл-Ислами, 1995), 2-том, 38-бет.
57. Әл-Шатиби, Әл-Муафакат, 152-бет.
58. Қар.: Әл-Зухайли, Әл-Фикһ әл-Ислами, 3:667.
59. Қар.: Уизарат әл-Ауқаф уа әл-Шуун әл-Исламияһ, Әл-Маусуаһ әл-Фикһия, 5:152.
60. Сонда, 5:153.
61. Сонда, 5:155.
62. Қар.: Ибн Рушд, Бидаят әл-Мужтаһид (Бейрут: Дар әл-Қалам, 1988), 1:329; әл-Зухайли, Әл-Фикһ әл-Ислами, 3:663-4.
63. Сюзан Дуглас, «Мұсылмандардың Күнделікті өмірінің негіздері», ред-ған: Винсент Корнелл, Ислам дауыстары сериясы (Прэгер, Коннектикут, 2007), 3-том, 17-бет.
64. Толығырақ қар.: Камали, Қағидалар, 331-бет.
65. Мұхаммед А.әл-Баянуни, Әл-Хукм әл-Таклифийи фи әл-Шарияһ әл-Исламияһ (Дамаск: Дар әл-Қалам, 1988), 224-225 беттер.
66. Сонда, 225-бет.
67. Толығырақ қар.: Камали, Қағидалар, 419-бет.
68. Сондай-ақ, әжуа деп аталатын құрма туралы хадистер келтірілген. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бұл оның ең жақсы көретін құрмалары болған және оның тағамдық құнарлығын да мактаған. Құрма мен тағам тақырыбына қатысты хадистер туралы толық ақпаратты: *Халал* индустриясын Дамыту жөніндегі Бірлестік шығарған *Халал* негіздері жинағынан Абдул Рахман Ауангтың, «Истихалах және Пайғамбардың (с.ғ.с.) Сүннеті» бөлімінен (Куала Лампур: HDC Баспалары, 2011), 71-73 беттерден, сонымен қатар, www.mdcpublishers.com сайтынан қараңыз.
69. Әбу Умаймадан Бұхариге риуаят етілген., қар.: сонда, 70-бет.
70. Толығырақ қар.: сонда, 70-71 беттер.
71. Муслим, Мұхтасар Сахих Муслим, 253-бет, №956-ші хадис.
72. Әл-Қарадауи, Әл-Халал уа әл-Харам, 37-бет.

73. Әл-Табризи, Мишкат, 2:845, №4,046-ші хадис.
74. BSE - сиыр энцефалопатиясы. Толығырақ қар.: Ричард С.Фольц, Исламдық дәстүр мен мұсылман елдеріндегі жануарлар (Оксфорд: Уануорлд Баспасы, 2006), 118-бет. Фольц сол бетте: «Таяу Шығыс елдері қазіргі уақытта еттің көп бөлігін Жана Зеландия сияқты елдерден импорттайды, сондықтан ауылшаруашылық өнеркәсібі еттің *халал* болғандығын анықтауда қиындықтарға тап болуда» деп жазады.
75. Арабша: «идһайи ижтамаа әл-халал уа әл-харам, гулиба әл-харам» делінген. Жалал әл-Дин әл-Суйити, Әл-Әшбах уа әл-Назаир (Бейрут: Дар әл-Китаб әл-Илмияһ, 1994), 151-бет, Шабир, Әл-Ғауаид, 325-бет. Бір қызығы, Әл-Қарадауи «күмәнділердің рұқсаттылығы -иттика әл-шубхат» мәселесін талқылау кезінде осы қағидаға сілтеме жасамайды, мүмкін кездейсоқ емес, өйткені, бұл қағиданың дәлелдік базасында күмән бар, сонымен қатар, қолайлылық пен ыңғайлылық әкелетін нәрсенің пайдалануына рұқсат етілгендігін көрсететін басқа қағиданың болуына байланысты болса керек. Бұл Әл-Қарадауидің аталған мәселені неліктен садд әл-дхарайи деген айдарымен жіктегенін де түсіндіре алады.
76. Қар.: бұл мәселенің талқылануын «Бағалы қағаздар жөніндегі комиссия. *Шариғат* Консультативтік Кеңесінің Бағалы қағаздар жөніндегі комиссиясының қаулылары, 2-ші бас., Куала-Лумпур, 2007, 158-бет.
77. Арабша құқықтық қағидасы: «Дар әл-мафасид аула мин жалб әл-манafi».
78. Қар.: Шабир әл-Ғауаид, 326-8-беттер.
79. Қар.: Мұхаммед Хашим Камали, «Исламдағы *халал* және *харам* қағидалары», ред-ған: *Халал* индустриясын Дамыту жөніндегі Бірлестік, Қазіргі таңдағы *халал* анықтамалығы, 1-том, *Халал* негіздері (Куала-Лумпур, 2011), 24-бет.
80. Қар.: Мұхаммед Хашим Камали, «*Халал* және *харам* қағидалары», ред-ған: *Халал* индустриясын Дамыту жөніндегі Бірлестік, *Халал* негіздері, 38-бет.
81. Қар.: Құран Кәрім, Ал-Нахл сүресі, 16:115. Сондай-ақ, қар.: Сюзан Дуглас, «Мұсылмандардың Күнделікті өмірінің негіздері», ред-ған: Винсент Корнелл, Ислам дауыстары сериясы (Вестпорт, Коннекти-

- кут, 2007), 3-том, 16-17-бет.
82. Қар.: Мұхаммед Хашим Камали, «Халал және харам қағидалары», ред-ған: *Халал* индустриясын Дамыту жөніндегі Бірлестік, *Халал* негіздері, 42-бет.
 83. Әл-Қарадауи, *Әл-Халал* уа *әл-Харам*, 63-бет.
 84. Қар.: The Star, Нұрбаити Хамдан мен А Раманның мақаласы, 2008-жылғы 11 қыркүйек, 43-бет.
 85. Куала-Лумпурдағы New Straits Times газетінде жарияланған мақала, 2012-жылғы 29 желтоқсан, 10-бет.
 86. Марко Тиeman, Азық-түлік тізбегін қадағалау, *Ислам және өркениеттің жаңаруы* (Куала-Лумпур), 3.3, 2011-ж., 538-542 бет.
 87. Әл-Қарадауи, *Әл-Халал* уа *әл-Харам*, 72-бет.
 88. Әл-Қарадауи, *Әл-Халал* уа *әл-Харам*, 53-бет; Абдул Халим Увайс, Мәусуах әл-Фикһ әл-Ислами (Мысыр: Дар әл-Уафа), 1-том, 174-бет.
 89. Фольц, Жануарлар, 27-бет.
 90. Толығырақ қар.: Әл-Қарадауи, *Әл-Халал* уа *әл-Харам*, 61-бет; әл-Зухайли, *Әл-Фикһ әл-Ислами*, 3:659.
 91. Әл-Қарадауи, *Әл-Халал* уа *әл-Харам*, 61-2 бет.
 92. Ибн Рушд, Бидаят әл-Мужтаһид, 1:325; әл-Зухайли, *Әл-Фикһ әл-Ислами*, 3:661-3.
 93. Ибн Рушд, Бидаят әл-Мужтаһид, 1:327-8; әл-Зухайли, *Әл-Фикһ әл-Ислами*, 3:663-4; әл-Қарадауи, *Әл-Халал* уа *әл-Харам*, 55-бет.
 94. Әбу Дәуіт, Сунан Әбу Дәуіт, ағылшын тілінен ауд. Ахмад Хассан (Лахор; Ш. Ашраф, 1984), 2:1149, №411-хадис. Сондай-ақ, қар.: Камали, Қағидалар, 153-бет.
 95. Әл-Қарадауи, *Әл-Халал* уа *әл-Харам*, 51-2 бет.
 96. Сонда, 51-бет.
 97. Қар.: Камали, Қағидалар, 369-бет; Шабир, *Әл-Гауaid*, 244-бет.
 98. Межелле - Мажалла ел-Ахкам-и Адлия еңбегінің аудармасы және Ислам Азаматтық Құқығының толыққанды Кодексі, ауд. С.Р. Tyser және т.б. (Куала-Лумпур: Other Press, 2003ж, қайта басып шығ.), 36-б. Межелле әдет-ғұрыпқа қатысты бірнеше құқықтық қағидаларды камтиды, оның ішінде, «адамдарды жұмылдыру әрекет ету үшін не-

- гіз болып табылады». (37-бап) Толығырақ қар.: Камали, Қағидалар, 371-бет.
99. Шахидан Шафи және Мохд Нор Осман, «*Халалды* сертификаттау: Халықаралық нарықтың проблемалары мен қиындықтары», Куала Лумпур, Бизнес және есеп факультеті, Малай университеті, жарияланбаған конференция материалдары, 2-бет.
100. Розиана Хамсави, «Тек Бумис супермаркеттерінде ғана 30% *халал* сертификаттар бар», New Straits Times (Куала-Лумпур), 2011 ж. 29 маусым, 5-бет.
101. Сонда.
102. Толығырақ қар.: Сабарийаһ Дин, *Халал* Шикізатының саудасы: Мұсылман Әлемі үшін мүмкіндіктер мен қиындықтар (Куала-Лумпур: Малайзия Технология университетінің баспасы, 2006-ж.), 20-21 беттер.
103. Розиана Хамсави, «Бумис».
104. Шахидан Шафи және Мохд Нор Осман, «*Халалды* сертификаттау», 5-бет.
105. <http://www.upc-online.org/slaughter/report/html> .
106. Толығырақ қар.: тахайиур және *талфиқ* тақырыбы жайлы Мұхаммед Хашим Камали, «*Шаригат* және Азаматтық Құқық: Үндестік Әдістемесіне қарай», Ислам Заңы және қоғамы, 14 (2007), 406-II беттеріндегі толығырақ қараңыз.

Әдетте халал индустриясы туралы айтқанда ет пен ет өнімдерін айтамыз, дегенмен бұл сала біз ойлағаннан әлдеқайда күрделі. Халал мәселесі мұсылман өмірінің көптеген салаларына әсер етеді. Бұл саланың сұраныс пен ұсыныстың және кірістердің нарығы әсерімен дамып келе жатқанын ескере отырып, ислам қағидаларын барынша нақты түсініп, білу қажет.

Камали бұл мәселені жан-жақты қарастыра келе, халал мен харамның негізгі қағидаларын түсіндіреді және осы қағидаларды әсіресе ет өнеркәсібіне қолданудың негізгі мәселелерін талқылайды. Осы арқылы ол бүгінгі таңда мұсылмандар бетпе-бет келіп отырған көптеген қате пікірлер мен мәселелерге маңызды мәлімет беріп, оларды түсіндіреді. Мысалы, қоспалар мәселесі тағамды тұтынуда айтарлықтай адасуды тудырды. Ислам мектептері мен ғалымдары арасында халалға қатысты пікірлердің әртүрлі болуы да таңқаларлық жайт емес. Әдет-ғұрып және климат сияқты өзге факторлар да үлкен рөл атқарады. Сонымен қатар, бұл еңбекте халал сертификаттау рәсімдеріне, сондай-ақ халал индустриясының тәжірибесіндегі біркелкілікке қатысты сұрақтар қарастырылады.

